для русских этнодемографические изменения, в Крыму доминировал русский язык и русская культура. Даже в таких условиях ассимиляция носителей русской культуры как доминантной была невозможна. В сегодняшней ситуации, до мартовских событий, Крым оставался русским этническим, языковым и культурным анклавом, сохраняющим русский менталитет. После проведенного референдума народ Крыма практически единогласно проголосовал за присоединение к России, а 18 марта 2014 года был подписан Договор между Российской Федерацией и Республикой Крым о вхождении Крыма в состав России в качестве субъекта, официальными языками на территории Крыма признаны русский, украинский и крымско-татарский. Это дата войдет в историю и в конце концов другие страны (США, Франция, Германия, Швеция, Голландия и пр.) будут вынуждены пойти на уступки и признать республику Крым независимым государством. Сопrotивление ассимиляции объясняется тем, что при ней происходит замена норм и культурных ценностей у подчиненной этногруппы (язык является частью культуры) на культурные нормы господствующей группы, кроме того вынужденное приспособление подчиненных этногрупп к господствующим в конечном счете может привести к межкультурной борьбе. Знание перечисленных выше явлений, отражающих единицу описания культурных феноменов в культурологии – культурем, может предотвратить межкультурный шок, и как следствие, межкультурный конфликт.

Как уже говорилось выше, важным механизмом гармоничного сосуществования людей, принадлежащих к разным национальным лингвокультурным сообществам, является поликультурное образование и воспитание. Это становится актуальным и для современных поликультурных, полиязыковых и полипрофессиональных стран. В каждой стране обучение государственному языку [7, 163-169] – языку межкультурной коммуникации - это приоритетная задача, а проблема воспитания и образования - центральная. Основной целью обучения языку становится межкультурная компетенция, осуществляемая по модели “язык – культура”. Формы и виды двуязычия, полиязычия зависят от условий развития народов, социально-экономической и культурно-политической систем. Родной язык в основном проявляет когнитивную, кумулятивную и культуросберегающую функции, но если язык является средством межнационального общения и межкультурной коммуникации, то выполняет информативную и коммуникативную функции, и с этой точки зрения изучать язык надо с учетом структурно-типологических особенностей влияния родного языка и родной речи на изучаемый язык.

Языковая политика России и стран СНГ должна быть направлена, с одной стороны, на совершенствование преподавания всех изучаемых языков, а с другой стороны, на развитие, укрепление, охрану, поддержку родного языка, который объединяет народ страны, “дает возможность оставить потомкам и укрепить современный язык, в котором к опыту многих поколений наших предков был бы гармонично добавлен и наш след” [17]. Стратегия развития русского, казахского, киргизского, туркменского, узбекского, таджикского, белорусского, украинского, молдавского и других языков как государственных является приоритетной задачей, но проводить политику нужно гармонично, охраняя все языки, функционирующие на территории той или иной страны. Благодаря взаимодействию, межкультурной коммуникации необходимо создавать условия, обеспечивающие обогащение этносов взаимным культурным опытом и языковым потенциалом. Эти сложнейшие задачи необходимо решать совместными усилиями правительства, государственного аппарата, министерства образования, ученых филологов разных стран.

Литература

1. Бердяев, Н. Философия неравенства. - М., 1990.
2. Верещагин Е.М., Костомаров В.Г., Язык и культура: Лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного. 4-е изд., перераб. и доп. – М., 1990.
3. Виноградов В. А., О единстве взаимодействия языка и культуры /Решение национально-языковых вопросов в современном мире. Страны СНГ и Балтии. - М., 2010.
4. Гак В.Г., Языковые преобразования.- М., 1998.
5. Гумбольдт В. фон., Язык и философия культуры. – М., 1983.
6. Ионин Л., Социология культуры. – М., 1996.
7. Курман Н.Ж., Курманова Б.Ж., “Языковой портфель государственного служащего Республики Казахстан” как новая технология обучения казахскому языку // Новые технологии в образовательном пространстве родного и иностранного языка: материалы V Международной науч.-практической конференции (г. Пермь, 6 – 8 июня 2013 г.). – Пермь. 2013.
8. Лазутова М.Н., О функционировании русского языка в государствах СНГ и Балтии / Решение национально-языковых вопросов в современном мире.Страны СНГ и Балтии. М., 2010.
9. Лотман Ю.М., Беседы о культуре, СПб. - издательство “Искусство - СПб”, 1994.
10. Прохоров Ю.Е., Стернин И.А., Русские: коммуникативное поведение, М., 2007.
11. Решение национально-языковых вопросов в современном мире. Страны СНГ и Балтии. Под ред. акад. Е.Н. Челышева. М., 2010
12. Садирова К.К., Влияние дискурса на формирование коммуникативной компетенции / Новые технологии в образовательном пространстве родного и иностранного языка. Материалы VМеждународной научно-практич. конф. (Пермь 6-8июня 2013г). Пермь, 2013
13. Соловьев В.С., Право и нравственность. - Минск, 2001.
14. Сорокин П.А., Цивилизация. Общество. - М., 1992.
15. Тарасов Е.Ф., Межкультурное общение – новая онтология анализа языкового сознания // Этнокультурная специфика языкового сознания / Под ред. Н.В. Уфимцевой.- М., 1996.
16. Тер-Минасова С.Г., Социальная роль русского языка в современных условиях / Язык и действительность: Сб-к научных трудов памяти В.Г. Гака. - М., 2007.
17. Послание Президента Республики Казахстан – Лидера нации Нурсултана Назарбаева народу Казахстана “Стратегия “Казахстан-2050”: новый политический курс состоявшегося государства [электронный ресурс]. – Астана. 2012. – URL: www.akorda.kz/ru/page/page_kazakstan-respublikasynyn-prezidenti--elbasy-n-a-nazarbaevtyyn (дата обращения: 23.03.2014).

ӘОЖ 950.574

ТАРИХИ ШЫНДЫҚ – УАҚЫТ ПЕН КЕҢІСТІК АЯСЫНДА

М.Р. Балтымова

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ақтөбе қ., Қазақстан*

В статье рассматриваются вопросы исследования исторических романов. Автор анализирует жанровые и стилистические особенности исторических романов. The article deals with the study of historical novels. The author analyzes the genre and stylistic features of historical novels.

Ключевые слова: *исторический роман, стилистические особенности, историческая правда и художественное решение.*

Key words: *historical novel, stylistic features, historical true and artistic decision.*

Әдебиет – қоғам айнасы, белгілі бір дәуірдің көркем шындығы болғандықтан, оны құрайтын көркем шығармалардың әрқайсысының көтеретін жүгі бар. Ал тарихи роман өз бастауын әдебиет пен тарихтан алады. Академик С.Қирабаевтың пікірінше: «Тарих пен әдебиет – ежелден-ақ егіз ұғым. Көркем әдебиеттің ғасырлар бойғы тәжірибесі оларды тіпті туыстырып жіберді» [1, 21-б.]. Тарихи романның авторы хақиқи тарих деректеріне сүйене отырып, ойдан шығарылған өмірді суреттейді. Егер тарихшы өткен өмірді археологиялық қазбалар, жылнамалар мен деректер бойынша қайта құратын болса, тарихи романның авторы қайта құруға жатпайтын ақтаңдақтарды толықтырып, көркемдейді. Сөйтіп, тарихи шындықты оқырманға жақын, ұғынықты, әрі нанымды етеді.

Қазақ тарихи романдарын зерттеу проблемасына өзек еткен еңбектер ХХ ғасырдың 50-ші жылдарынан бастау алады. Бұл кезеңдегі Қ.Жұмалиев, М.Қаратаев, З.Ахметов, С.Қирабаев, З.Қабдолов, Р.Бердібай, Е.Лизунова, Л.Әуезова, М.Атымов, Н.Ғабдуллин, Ш.Елеуқенов, Х.Әдібаев еңбектерінде тарихи роман жанрының белгілі бір проблемалары қарастырылды.

Ал тарихи романдарды негізгі проблема етіп алып, жанр теориясы тұрғысынан қарастырған және жекелеген шығармаларды талдаған еңбектердің бас бастауында Ш.Елеуқеновтің «Казахский роман и современность» (1968), М.Атымовтың «Қазақ романының поэтикасы» (1975), Р.Бердібайдың «Қазақ тарихи романы» (1979), Т.С.Сыдықовтың «Қазақ тарихи романы» (1996), Қ.Алпысбаевтың «Тарихи шығарма: таным мен көркемдік» (1999) еңбектерін айтуға болады.

Тарихи проза мазмұнының күрделенуімен бірге оны негізгі проблема етіп алып, жанр теориясы тұрғысынан қарастырған және жекелеген шығармаларды талдаған, жан-жақты зерттеген ғылыми ізденістер саны өсті. Бұл ретте Л.М.Әуезованың еңбегінде кеңес дәуіріндегі әдебиеттің романдарындағы тарихилық мәселесі және тарихи романдардың ерекшелігі зерттелген. Ол кеңестік тарихи романдардың вальтер-скоттық типтегі классикалық романдардан ерекшелігі оның негізін ойдан шығарылмаған шынайы тарихи оқиғалар, өзінің заңды дамуындағы халық өмірі құрайтынын, ал кейіпкерлері тарих сахнасында белгілі болған тұлғалар және ойдан шығарылған кейіпкерлер болатынын атап өтеді [2, 4-б.].

Ал белгілі ғалым Р.Бердібай өзінің «Қазақ тарихи романы» монографиясында М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясынан бастап көптеген тарихи романдарды жан-жақты зерттеп, талдаған. Ғалым Ж.Дәдебаев «Өмір шындығы және көркемдік шешім» атты зерттеуінде тарихи романдарды қолданылған фактілері мен құжаттарына байланысты деректілігі тұрғысынан қарастырып, көркем бейнені жасау принциптерін зерттейді. Тарихи роман жанрын зерттеушілердің бірі Т.Сыдықов «Қазақ тарихи романы» атты еңбегінде тарихи роман жанрын жаңаша зерттей отырып, оның табиғатын терең аша білген. Қазіргі зерттеушілердің бірі Қ.Алпысбаев «Тарихи шығарма: таным мен көркемдік» монографиясында қазақ әдебиетіндегі тарихи тақырыпқа жазылған туындыларды көркемдік, кезеңдердің байланысы тұрғысынан қарастырады. Тарихи роман жанрын зерттеушілердің арасында қазақстандық компаративист-ғалым Қ.Б.Оразаева «Историко-биографический роман в русской и казахской литературах ХХ в.: Ю.Н.Тынянов и М.О.Ауэзов, сравнительно-типологический анализ» атты докторлық диссертациясында белгілі жазушылар Ю.Тынянов пен М.Әуезовтің тарихи шығармаларының негізінде қазақ және орыс әдебиеттеріндегі тарихи-биографиялық романдарды салыстыра зерттей отырып, салыстырмалы-типологиялық зерттеу әдісін қолданады. Б.К.Майтановтың «Психологический анализ в казахском историко-революционном романе» атты докторлық диссертациясында кейіпкер тұлғасын, оның

характерін ашуда қолданылатын психологизм тәсілі туралы жан-жақты айтылады. Ал А.А.Мәуленовтің «Қазіргі қазақ прозасындағы аңыздар мен мифтердің көркемдік қызметі» туралы зерттеуінде тарихи шығармаларға тарихи деректерден кейін өзек болатын мифтер, аңыздар мен әпсаналар туралы жан-жақты мәлімет берілген. Зерттеуші С.Қ. Мұхтарованың «Қазақ тарихи прозасындағы би-шешендер образы» жайындағы зерттеу еңбегінде тарихи шығармалардағы қазақ халқының қайраткерлерінің бейнесі жан-жақты зерттелген. Ал Т.М.Демежановтың «Художественная интерпретация образа Кенесары Касымова в казахской литературе», Л.А.Серғазының «М.Әуезовтің «Хан Кене» трагедиясының тарихилығы» атты кандидаттық диссертацияларында Кенесары Қасымұлының қазақ тарихында алатын орны және оның бейнесін өзек еткен тарихи шығармалар жан-жақты қарастырылады және қазақ тарихи прозасындағы барлық жетістіктер туралы нақты, терең айтылады.

Тарихи романдардың кейіпкері ең алдымен тарихтың өзі, ондағы тарихи оқиғалар. Тарихи романшы өз шығармасында өткенге үңіле отырып, оны оқырман үшін бүгінге көшіреді. Тарихи романдардың ғажайыптығы сонда – бұл жерде өткен өмір өзінің сырларын жоғалтпайды. Тарихи романшы өткен дәуірдің бояуын беру үшін сөз, киім, дәстүр үлгілерінің ерекшелігін сақтап және бұл ретте қазіргі оқырманға түсінікті болуы үшін роман тілінің тым архаизмденуіне жол бермейді. Тарихи романдарда тарихи оқиғалар орнына келтіріліп, тарихшының міндеті орындалады және адамдардың ойлары мен сезімдері қалпына келтірілуі арқылы роман жазу ерекшелігі сақталады. Роман жанрын терең зерттеген ғалым М.М.Бахтин тарих пен тарихи тұлғалардың, қайраткерлердің жеке өмірінің бірігуін тарихи романның ерекшелігі ретінде санайды және ұзақ уақыт бойы таза тарихи сюжеттің орталық және жалғыз тақырыбы соғыс болғанын айтады. Сондықтан да ғалымның пікірінше тарихи романшылар тарихи тұлғалардың жеке өміріне тоқталмай, тарихи шындықты бейнелеуге күш салған.

Біздің ойымызша, тарихи роман жанрындағы тарих пен әдебиеттің өзара байланысына келетін болсақ, бұл өзара сабақтастық пен жалғастық дәстүрінде жүзеге асырылады. Яғни тарихи роман авторы нақты құжаттармен, тарихи деректермен жұмыс жасай отырып, тарихи шындықты бұрмаламау мақсатын және роман техникасын, оның көркемдігіне қойылатын талаптарды ұмытпайды.

Демек елдің, халықтың тарихын көркемдеп жазу, санаға рухани мұраларды сіңіру, тарихи тұлғалардың көркем бейнесін қалыптастыру, тарихымыздағы елеулі жеңістер мен жетістіктерді сипаттау, ақтаңдақтарды анықтау, ата-бабамыздың, абыз аталарымыз бен әзиз аналарымыздың ерлігін, өрлігін бейнелеу арқылы әдебиет тарихпен біте қайнасып, рухани сананың тәрбиешісі болады. Қазіргі жаһандану үрдісінде Қазақстанда ұлттық құндылықтар мен халықтық белгілерін сақтай отырып, әлемдік сахнадан көріну мақсатында халқымыздың сан талайлы тағдырының айнасы тарих бедерлерін көркемдеп көрсету «ардың ісі әдебиеттің» де алдында тұрған басты міндеттердің бірегейі болып отыр.

Қазақ әдебиетінде өткен тарихтың бейтаныс беттерін бейнелеуге, ұлттық мемлекеттіктің бас бастауында тұрған көрнекті тұлғалар өміріне деген қызығушылық ХХ ғасырдың екінші жартысында басталды. Бұл жағдайлар әдебиетте тарихи танымды тереңдетуге ұмтылған эпикалық шығармалардың жазылуына түрткі болды.

ХХ ғасырдың екінші жартысында қазақ әдебиетіндегі тарихи романдар мазмұн, форма жағынан жаңа сапаларға ие болды, бұған қоғамдық-саяси және тарихи-әдеби факторлар әсер етті. Сөз бостандығы мен ой бостандығы, бұрын тиым салынып келген тақырыптарға еркіндік берілуі жазушылардың белгілі тарихи фактілер мен тұлғалар өміріне деген көзқарасты дұрыс бейнелеуге мүмкіндік берді. Өз кезегінде тарих сахнасында тұмшаланып қалған бейнелерді жаңғыртуға, халық басынан өткен оқиғаларды шынайы бағалауға мүмкіндік берді. Қазіргі тарихи романдарда терең психологизмді қолдану, ішкі монологтың қызметін күшейтуге ұмтылу және әртүрлі әдіс-тәсілдерді кеңінен пайдалану үрдіске айналды. Осындай жаңашыл сипаттар арқылы жазушылар халық ұлдарының

бейнесін шынайы жасауға және тарих суреттерін дұрыс бейнелеуге қадам басты. Бұл ретте ұлттық характерлер шынайы ашылып, оқиғаны бейнелеуде ұлттық дәстүр, рухани мұралар кеңінен қолданылды.

Автор өзінің тарихи романдарында бірнеше қызмет атқарады, ол – тарихшы, этнограф, архивтанушы, құжаттанушы, әдебиетші, публицист, ғалым-филолог. Бұл қасиеттер жазушының тарихи романды көп қырлы етіп кеңейтуіне және оның мазмұнын күрделендіруіне мүмкіндік жасады, осыған байланысты тарихи романдардың түрлері де өзгерді.

Кейіпкердің ішкі әлеміне жиі үңілу, күрделі баяндаулар тарихи романдардың танымдық, зерделік белгілерін күшейтті. Сондықтан туындының бойында әртүрлі жанрлардың жинақталуы тарихи романның мазмұны және түрі жағынан ерекше шығарма болуына септігін тигізді.

Тарихи роман жанрының ішіндегі орын алатын жанрлық қозғалыстар оның мазмұнын байытып, формасын түрлендіріп, өткен мен бүгінді сабақтастық байланыста және мыңжылдықтар мен ғасырлар тоғысында өзгеріске түсіп жатқан әлеуметтік-тарихи жағдайлар шегінде суреттеуге мүмкіндік береді.

Көрнекі жазушы Илияс Есенберлиннің қазақ әдебиетіндегі тарихи роман жанрын өз шығармасымен байытқан, әрі жанрдың дамуына үлкен үлес қосқан шығармалары ретінде «Көшпенділер» және «Алтын Орда» секілді тарихи трилогияларын айтуға болады.

Осының ішінде «Көшпенділер» трилогиясында жазушы тарихи деректерді жеткілікті пайдалана отырып, қазақ мемлекетінің ХҮ-ХІХ ғасырлар аралығындағы қалыптасып, даму кезеңдерін көркем шындықпен шебер бейнелеп берді және қазақ халқының біртуар азаматтарының әдеби көркем тұлғаларын нанымды, әрі тарихи шындыққа бейімдей отырып жасады. Илияс Есенберлиннің тарихи романдарының құндылығы сонда, жазушының бұл шығармаларына бес ғасырлық тарихтың елеулі оқиғаларын сыйғыза білуі оның тарих бедеріндегі маңызды, басты көріністерді дөп баса білгенін көрсетеді. Оның тарихи туындылары қазақ халқының тарихындағы елеулі кезеңдерді бейнелеген құнды туындылар болып табылады.

Бұл жерде жазушы Илияс Есенберлиннің таланты айқын көрінді. Ол қазіргі қазақ әдебиетіндегі тарихи романның негізін салушылардың бірі болды. Ол алғашқылардың бірі болып қазақ халқының ежелгі бастауларына көз жіберіп, ұлттық тарихтың аз зерттелген парақтарын ашты. Оның «Көшпенділер» және «Алтын Орда» трилогиялары тарихи дәуірді бейнелеудегі айшықты бояуы мен көркемдігі жағынан қазақ тарихи прозасындағы көрнекті құбылыс болды.

Жазушы трилогияға бес ғасырлық оқиғаны сыйғызу үшін фольклорлық, эпикалық уақыт пен кеңістікті пайдаланады. Фольклорлық уақыт – көркем шығарманың уақыты, фольклорлық қиял – тарихи шындық болғандықтан, ол көркем шығарманың шеті мен шегін сақтайды. Фольклорлық уақыт әр мағынада және мазмұнда эпикалық, трилогиялық, роман-эпопеялық уақыт болады. Эпикалық уақытта баяндау сарыны басым, жазушы оны бір көркемдіктен жаңа формаға енгізіп, шеберлік көрігінен өткізіп баяндайды. Фольклорда сызба көп, соның бірі – түс көру. Фольклордың прозалық түрінің көркем шығармаға кірігуі, жазушының қаламының күшімен көркем шеберлікке ұласуы – оның шығармашылық жетістігі.

Уақыт пен кеңістік мәселесі тарихи романды талдағанда тарихи уақыт категориясы ұғымымен сабақтасып жатады. Себебі тарихи шығарманың бір ерекшелігі жазушы өзінің суреттеп отырған кезеңін алыс болса жақындатып, ұзақ болса, қысқартып, мейлінше негізгі тарихи шындықтарды бейнелеуге күш салады, бұл автордың тарихтың қай беттерін парақтауға мән бергенімен байланысты. Тарихи роман жанрын зерттеуге үлес қосып жүрген ғалым Қ.Алпысбаев тарихи романдардағы өткенге көз жіберуді, яғни ретроспекция туралы айтып, оның «Көшпенділер» трилогиясындағы көрінісіне тоқталады: «Көшпенділерде» ретроспекциялық уақыт алуан түрлі формада көрінеді. Автор кейде бірнеше ғасыр өтіп кеткен кезеңге бүгінгі күннің суреттеліп отырған кезең адамының

тұрғысынан қарап, оны екшеуге тырысады немесе кейіпкердің ой-дүниесі арқылы кеше ғана өткен ата-бабасының істеген ісіне талдау жасайды. Ретроспекция әр түрлі уақыт қабаттарын қамтиды. Әдебиеттану ғылымында ретроспекцияны түрлі типтер мен формаларға бөледі. Олардың бастысы – ғұмырнамалық (биографиялық) ретроспекция – хроника, психологиялық ретроспекция болып табылады. «Көшпенділерде» негізінен алдыңғы екі форма көбірек қолданылған. Көркем әдебиеттегі уақыт категориясы хронологиялық бірізділікпен қоса, драмалық сипатқа да ие. Сондықтан көркем әдебиет уақытты драмалық уақыт деп ажыратады» [3, 148-149 бб.].

Демек «Көшпенділер» трилогиясында жазушы макрокеңістік пен микрокеңістікті қатар бейнелеу тәсілін шебер қолданады. Илияс Есенберлин кейіпкерлерінің көпшілігі тарихта болған тұлғалар, немесе солардың прототиптері болғандықтан, тарихи оқиғаларды бейнелеу арқылы жазушы әр кейіпкердің микроәлеміне үңіле кетуді жөн санайды. Бұл ретте терең психологиялық суреттеулер, керемет портреттер көп болмағанымен, оқырман өзіне қажетті кейіпкердің бейнесін толық көзіне елестете алады. Себебі жазушы кейіпкерді суреттеуде оның бейнесін ашуға қажетті детальдарға мән береді, мысалы оның ата-бабасын, қоғамдағы алатын орнын, атақ-дәрежесін, тұрмыс-тіршілігін, киім киісін немесе сөз саптауын шығарманың қажетті жеріне арқау етеді. Бұл ретте автордың ата дәстүрі мен салттарын суреттеуде шеберлік танытатынын баса айтуымыз қажет. Сонымен қатар жазушының өз кейіпкерлерінің әрқайсысының бейнесін тым әсірелемей, төмен құлдилатпай, шынайы жасауға тырысқандығын аңғарамыз. Ол Қобыланды батырдың пендешілігін жасырмай көрсете отырып, оның батырлық аңғалдығы екенін айта кетуді ұмытпайды. Немесе Рабиу-Сұлтан-Бегім туралы ел арасындағы қаңқу сөзге айналған әңгімеге сенген Әбілқайыр ханға Сарғыт-Шиман Маңғыт уәзірдің: «Қуаныштың теңізі, адамгершіліктің күні, Фаридундай қасиетті Әбілқайыр ханның әйелі, Ақсақ Темір немересі Ұлықбек мырзаның қызы Рабиу-Сұлтан-Бегім ханым өсек-аяннан тыс тұруы фатика. Бұлай ету екі жұртқа бірдей мәлім», – деген уәжі арқылы ханымды жазықсыз жаладан арашалап алады [4, 35-б.].

Жазушының аталмыш трилогиясы уақыт пен кеңістік тұрғысынан қарастырғанда күрделі туынды. Мұнда хронотоптың барлық түрлері кездеседі.

Илияс Есенберлин өзінің «Көшпенділер» трилогиясында тарихи оқиғаларды суреттеуде уақытты және кеңістікті шектемей, өткен заманның оқиғаларын жылжымалылығы, ауытқуы тұрғысынан шебер бейнеледі. Бұл ретте жазушы фольклор үлгілерін қолдана отырып, фольклорлық уақытты да қолданады. Бұл трилогия бес жүз жылдық кезеңді қамтитындықтан, оқиғалары эпикалық кеңістік пен эпикалық уақытта бейнеленді. Яғни шығармада қилы-қилы шегіністер, ретроспективті монологтар, баяндаулар осы эпикалық баянды жүзеге асыру үшін қолданылған.

Бүгінгі күні «Көшпенділер» трилогиясындағы уақыт пен кеңістік өз жалғасын тапты, уақыт әлемдік жаһандану үрдісіндегі Қазақ мемлекетінің тәуелсіздігіне ұласса, кеңістік жаңаша заманауи виртуалды кеңістікке ұласып, әлем сахнасына жол тартты. Мұның бір дәлелі қазақ кино өнеріндегі соңғы соны жаңалықтардың бірі трилогиямен аттас «Көшпенділер» фильмінің түсіріліп, әлемдік деңгейде көрсетілуінің өзі де халықтың, жастардың елі мен жеріне деген сүйіспеншілігінің артқандығын көрсетеді. Фильмнің сценарийі Илияс Есенберлиннің трилогиясына негізделмесе де, екі өнер туындысы арасындағы ұғым үндестігі елін, жерін, халқын сүйген, рухы биік ержүрек ата-бабамыздың тарихтағы жолы келешек жас ұрпақтың отаншылдық рухын көтеруге ықпал еткендігін көрсетеді.

Бұл ретте Илияс Есенберлиннің осы тарихи трилогиясына «Көшпенділер» атауын таңдап алуы да зерттеу нысанына өзек болады. Көшпенділер тарихын зерттеуге қызыққан ғалымдар аз болмаған, бұл туралы ақын-жазушылар да көп жазған. Белгілі ақын, жазушы О.Сүлейменов көшпенділер туралы: «Тарихи көшпенді ғылыми шындыққа айналып келеді, бұл күннен күнге күрделенуде. Дәстүрлі түсініктер аясы қазір көшпенді үшін тым тар. Ендігі жерде көшпенділердің әлемдік өркениеттегі жағымды ролі туралы айтуға

болады... Олар бізге таңғажайып храмдар қалдырмаса да, қағаз жасамаса да, таста қашалған және халық жадында сақталған поэтикалық ойды мәдениеттің биік элементі деп айтуға болмай ма?» – деп көкейдегіні қозғайды [5, 40-41 бб.]. «Көшпенді» ұғымының көшіп-қонып жүрген адам деген түсініктен терең ғылыми мәні бар зерттеу нысанасына айналуы найзаның ұшымен, қылыштың жүзімен, ерен ержүректікпен сырт жаулардан қорғап келген жерін еркін жайлаған ата-бабамыздың тарихы тағылымы мол терең тарих екендігін көрсетеді.

Тарихи роман жанрының қазіргі заман әдебиетінде шындықты шынайылықпен бейнелеуі, күрделі мазмұндық, бай стильдік ерекшеліктерінің артуы, оның жанрлық түрлерінің көбеюі қазақ әдебиетіндегі іргелі жаңалықтардың бірі деп айтуға болады.

Әдебиеттер

1. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2001. – 448 б.
2. Ауэзова Л.М. Исторические основы эпопеи «Путь Абая». – Алма-Ата, 1969. – 315 с.
3. Алпысбаев Қ.Қ. Қазақ әдебиетіндегі тарихи шығарма: таным және көркемдік: филол. ғыл. докт. ... автореф.:10.01.02. – Астана, 2000. – 47 б.
4. Есенберлин І. Көшпенділер /Тарихи трилогия. – Алматы: «Көшпенділер», 2004. – 760 б.
5. Сулейменов О. Эссе, публицистика. Стихи, поэмы. Аз и Я. – Алма-Ата: «Жалын», 1989. – 592 с.

**ТАРИХ, ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТАНУ
ИСТОРИЯ, ФИЛОСОФИЯ И СОЦИОЛОГИЯ
History, Philosophy and Sociology**

ӘОЖ 950.574

Қазақ мемлекеттігін нығайтудағы Әбілхайыр ханның рөлі

С.А. Ескалиев, М.К. Тойшыманова

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
№21 орта мектеп – гимназия
Ақтөбе қаласы., Қазақстан*

Абулхайр хан – великий полководец, политик, дипломат, относится к числу самых выдающихся личностей за всю историю Казахстана. Статья посвящена его роли и месту в укреплении казахской государственности.

Abulhair khan is a great war-lord, politician, diplomat, behaves to the number of the most prominent personalities in all history of Kazakhstan. The article is devoted his roles and places in strengthening of the Kazakh state system.

Ключевые слова: *Абулхайр хан, великий полководец, казахская государственность.*
Key words: *Abulhair khan, great war-lord, Kazakh state system.*

Соңғы жылдары қазақтың XVIII ғасырдың алғашқы жартысындағы бас ханы, бас қолбасшы болған Әбілқайыр хан тарихы жұртшылықтың назарын тағы да өзіне аудара бастады. Айтулы қолбасшы, жоңғарларға қарсы қазақ халқының Отан соғысының бас сардары, кеменгер мемлекет қайраткері, әрі дипломатияның майталманы Әбілқайырдың саяси қызметіне ғылыми зерттеу жүргізіп, қорытынды жасауға жаңа замана мүмкіндік туғызып отыр, - дейді Қазақстанның көрнекті тарихшыларының бірі Мәшімбаев С.М. [1].

Сөз жоқ, Әбілқайыр хан өмірі мен қызметі – халқымыздың тарихының күрделі кезеңінде өрбіген құрамдас бір бөлігі. Әбілқайыр есімі және оның мемлекет басшысы ретіндегі іс – әрекеттері, дипломатиялық және соғыс алаңындағы жеңісі XVIII ғасырда еуразиялық кеңістіктегі тарихқа өзіндік құбылыс болып енді. Бұлар – ұлы географиялық жаңалықтар, халықаралық саясаттың жаңа белестері, әлемнің империялар мен отарларға бөлінуі халықтардың ара қатынасының өзгеруіне әкелген негізгі себептер еді.

Әбілқайырдың алғашқы уақытта көтерілуі және хан болып сайлануы қазақтардың жоңғарлармен, еділ қалмақтары, башқұрттар және жайық казактарымен әскери қақтығыстар жиелеп келе жатқан жағдайында болды. Осы тұста көшпенділер арасында әскери көсемдер немесе батырлар тобының маңызы және беделі ерекше арта түседі. Бұл жағдайда билеушінің жеке басының қасиеттері және қара сүйектердің көшпелі элитасының қолдауы шешуші мәнге ие еді. Ал, Әбілқайыр болса сыртқы жауларға қарсы күресте басқа хандар және сұлтандармен салыстырғанда оқ бойы жоғары тұрған, белсенді ұйымдастырушы екенін көрсете білді. Ол өзінің жағына күшті және беделді халық батырлары Есет батыр, Бөкенбай және Жәнібек батыр сияқты тұлғаларды топтастыра алды және қазақ жүздерінде басқа билеушілермен салыстырғанда беделі арта түсті. Демек Әбілқайыр хан жоңғарларға қарсы күресте бүкіл қазақ халқының ұйымдастырушы тұлғасына айналды.

Қазақ халқы үшін ең ауыр және қайғылы болып келген кезең «Ақтабан шұбырынды алқа көл сұлама» кезеңінде Әбілқайыр хан, Шыңғыс хан ұрпақтары билеушілерінің ішінде алғашқысы болып Жоңғар әскерлері оңтүстік – шығыс басып кірген уақытта өзіне қарасты халықты абыржу және үрей тудырған психологиялық күйден

алып шығады және қысқа уақыттың ішінде әскери жасақтарды құрып, жауға қарсы жұмылдыра біледі. Осы жағдайға байланысты XVIII ғ. қарақалпақ тарихына арналған жинақта 1725 ж. 15 қаңтарда жазылған мынадай дерек келтірілген: «Шоно Лаузан» Чрез войну с Абулхаир – ханом город Туркестан взял было и 32 улуса, но потом он, Абулхаир – хан, соединясь с казаками, через войну в Туркестан пришел и содержит оный даже и донине в своем владении»[2].

Өзінің батырлығымен, әскери өнерімен және ұйымдастырушылық қабілеттерінің арқасында Әбілқайыр хан XVIII ғ. 20 ж. ортасына қарай жоңғар агрессиясына қарсы қазақ халқының азаттық күресінің жетекші көсеміне айналды. 1726 ж. Шымкент маңында Орда басы деген жерде үш жүздің құрметті өкілдері – билер кеңесінде Әбілқайыр қазақ әскерінің бас қолбасшысы болып сайланды.

Сөйтіп 1726 – 1729 жж. Әбілқайырдың қолбасшылығымен үш жүздің әскери жасақтары ұзақ жылдарға созылған Жоңғариямен отан соғысында ірі жеңістерге жетті. Соның ішінде Бұланты өзенінің жағасындағы (1728), және Аңырақайдағы (1729ж.) жоңғарларды талқандаған соғыстарда қолбасшылық қабілеті ерекше көрінді. С.Өтенияз, Х.Қарабалаев Әбілқайырды Жоңғар және орыс басқыншыларымен өмір бойы соғысып кеткен хан болды десе т.ғ.д., профессор С.Ф.Мажитов қазақ халқының ұлт – азаттық қозғалысы 1731 ж. басталды деп негіздейді [3].

Жоңғарлармен отан соғысы кезінде Әбілқайыр ханның беделі артып И.В.Ерофееваның пікірінше «аға хан» немесе «бас хан» деген атаққа ие болғанын көрсетеді. Т.ғ.д. Б.Сүлейменов пен Басин де Әбілқайыр хан аға немесе бас хан болып сайланғанын негіздейді, «на общих собраниях представителей народа в подавляющем большинстве случаев вопрос решался в пользу «наиболее сильного и организованного хана». Так на рубеже XVIIи XVIII вв. «главным» ханом являлся хан Среднего жуза Тауке (1680 - 1715), затем хан младшего жуза Абулхаир (1718 - 1748), а после смерти Абулхаира – Аблай (1771 - 1781), хан среднего жуза» деп жазады [4].

Орыс казактары Жайық бойына XVI ғасырда келе бастаған. Ал Семей мен Өскемен бекіністерінің іргетасы, тиісінше — 1718 және 1720 жылдары қаланған. Басқаша айтқанда, Ресей империясы батыстан да, шығыстан да ентелеп енуді 1731 жылдан әлдеқайда бұрын бастап кеткені — тарихқа белгілі жайт.

Ал Әбілқайыр хан мен оның айналасындағылар қол қойған құжатқа келсек, мұнда қолдары қойылған старшын-билердің қай руға жататыны жөнінде Торғай облыстық басқармасының бұратаналар мәселелері жөніндегі кеңесшісі, зерттеуші Иван Крафт, Халел Досмұхамбетов жазып кетті. Құжатқа қол қойған 56 старшын-билердің жартысы яғни, 28 – і Орта жүздің, қалған жартысы 28 – і Кіші жүздің рубасылары болған[5]. Қол қойғандар — Ресеймен шекаралас отырған аймақтардағы рулардың ғана басшылары. Демек бұл жерде сөз Ресей империясының құрамына толық өту емес, жер, жайылым, қалмақ, башқұрттар тарапынан шапқыншылықты тоқтату төңірегінде қозғалғанын байқауға болады.

Кіші жүз ханы Әбілқайырдың Ресей қол астына енуі жөнінде шешім қабылдауы қазақ тарихындағы маңызды шара екенін ешкім жоққа шығармаса керек. Қол астына кіру дегенді шартты түрде қабылдауы Әбілқайырдың сол дәуірдегі лажсыздан мойындаған мемлекеттік саясаты деп түсінген жөн. Бұл мәмілегерлік әрекет арқылы қазақ халқының тоқырауға кездескен ұлттық мүддесін қорғаудың тиімді жолдарын қарастырды. Халық қалаулылары ортақ мүддеге сәйкес қызмет атқаруға тырысты, алайда, олардың барлығы бірдей тарихнамадан өз орнын ала алмады. Белгілі ғалым, Қазақстан академигі К.Нұрпейісов: «...біздің тарихнамада саяси портрет жасау аз. Оның сыры көп жылдар бойы тарихты халық жасады деп келдік, бірақ солардың ішіндегі халық өкілдері екенін ескермедік. Билердің, батырлардың, хандардың саяси портреті жасалмағандықтан алып – қашты әңгіме көп. Мысалы, Әбілқайырды біреу мақтаса, екіншілері даттап жатады. Есесіне Абылайды түк қатесі жоқтай аспанға шығара дәріптеумен келеміз. Бұл дұрыс емес», - дейді[6].

Оның шабандоз тұлға екенін академик М.Қозыбаевтың мына пікіріне сүйеніп айтсақ та болады. «Әбілқайыр хан сол бір тарихи кезеңнің күрделілігін сөз жоқ сезді. Оның мемлекет қайраткері ретіндегі ұлылығы да біздің көзқарасымызда, Қазақстанның империя құрамына кіретіні күні бұрын білуінде», - деп тұжырымдайды [7].

Қазақ тарихын зерттеушілердің бірі академик Н.И.Веселовский Қазақстанның Ресейге қосылуына баға бере келе, былай дейді: «Көшпенділердің келісім жөніндегі түсініктерінің біздің түсінігімізден әлдеқайда айырмашылығы бар. Олар үшін бодандық дегеніміз, ешкімді белгілі мемлекетке ештеңе міндеттемейтін, сондай – ақ қазақтардың пайдасына шешілген сауда – саттықтың бір келісімі сияқты әсер етті» [8]. Олай болса, Әбілқайыр ханның Ресеймен жасаған келісімі патшаға тәуелді болмай, өз саясатын жалғастырып, екі елдің арасында сауда – саттықты дамытуға жағдай жасау еді. Оны Оренбург әкімшілігі мен бірге шешіп отыруға бағытталған шаралар деп түсінді.

Сонымен қатар, ғалым бодандыққа анықтама бере отырып, оның мән – мағынасына тоқталды. Орысша «подданство» деген сөзді қазақтың хандары мен сұлтандары «қамқорлық», «қорғаушылық» деп түсінгенін айтады, бұл сөзді «өзіне қаратып алу» немесе «отарлау» деп түсінбеу керек, - деп жазады тарихшы [9].

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қазақ хандарының тарихи тұлғаларын зерттеуде, оның ішінде Кіші жүз ханы Әбілқайыр туралы қомақты ғылыми еңбектер жазып, оның Ресейге бодан болу саясатын бір жақты қарастырмай, ханның саясаткерлігін бүгінгі ұрпаққа жеткізе білудің қажет екенін көрсеткен көрнекті тарихшылардың бірі Ж.Қасымбаевтың пікірінше: «XVIII ғасырдың 40 – жылдарындағы Кіші жүз ханы саясатының басты мақсаты – Орынбор әкімшілігінің отаршылдық қысымшылығына төтеп беру және өмірінің соңына дейін тәуелсіздік үшін күресу болды» [10].

И.Ерофеева Әбілқайыр тұлғасын біршама зерттеді. Оның атқарған қызметтерін сан қырынан көрсетіп, бұрынғы тарихнамада кедергі болып келген жайттарды ғалым бүкпей айтады. Әсіресе, Оренбург әкімшілігінің басшысы И.И.Неплюев пен Кіші жүз ханы Әбілқайыр арасындағы текетіресті империялық отарлау саясатымен ұштастыра жазған автордың тұжырымдамалары көңіл аударарлық. Ғалым Әбілқайырды өз заманының көрнекті саясаткері, әскери қолбасшысы ретінде бағалап, XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы аса ірі тұлға екендігіне көпшіліктің назарын аударып, ханның атына осы кезге дейін айтылып келе жатқан сыңаржақты пікірлерге жаңа замана тұрғысынан пайымды дәйектер ұсынып, сол кезеңдегі оқиғаларды талдайды [11].

Әбілқайырдың бар күш-жігерін жұмсап көздеген мақсаты сыртқы жаулардың шапқыншылығын тоқтату, тәуелсіздікті сақтау, шекараны нығайту мен халықтың бірлігі жолында хандық билікті күшейту болды. Тарихшы К.Есмағанбетов: «Ресей мен Кіші жүз арасындағы жасалған келісімді екі жақ екі түрлі пайымдады. Бұрынғы Алтын Орда кеңістігіндегі елдер мен халықтарды билеп – төстеуден бай тәжірибе жинақтаған Ресей қазақтарды да жаулап алынған татарлар мен башқұрттарға теңегісі келді. Әбілқайыр бастаған топ көшпелі елдің басшылары ретінде бұл құжатты шығыстық дәстүр тұрғысынан түсінді, яғни олар аталмыш келісімді дағдарысты жағдайда қуатты мемлекеттің қамқорлығында (протекциясында) болуы да, ес жинап, әлденген кезде бас тарта салатын дағдыда қабылдады. Бұл тұрғыдан алғанда, әдет бойынша сюзереннен алшақтаудың алдында оған қарсы әрекеттер (тұтқындар алу, мал – мүлкін тонап кету т.б.) орын алатын. Көшпелі халықтардың түсінігі бойынша мұндай мінез таныту бұрынғы «қамқоршы» мемлекетке қарсы бағытталған күрес тәсілі еді» [12]. Мұндай тұжырым И.В.Ерофеева, Ә.Қ.Мұхтар т.б. белгілі тарихшылардың еңбектерінде де кездеседі. Сөйтіп, XVIII ғасырдың басында екі елде өзара келісімге мүдделі болды. Келісім арқылы қазақтар шекаралық мәселелерді шешуде және сыртқы жаудан қорғануда, сауда – саттықты дамытуда көмек күтсе, патша үкіметі отарлау жоспарын жүзеге асырып, қазақ елін Азияның кілті деп есептеп, өзіне қосуды көздеді. Осындай мақсатына байланысты Ресей үкіметі 1731 жылдан бастап–ақ қазақтарды ашық түрде өзінің боданы деп жариялады.

Орыстың революцияға дейінгі зерттеушілерінің бірі, орыс географиялық қоғамы Орынбор бөлімшесінің мүшесі Александр Добросмыслов 1901 жылы жарық көрген еңбегінде Торғай облысының басым бөлігін XVII ғасырдың аяғында башқұрттар мен қалмақтар мекендеген, тек Торғай және Ырғыз уезінің оңтүстік бөлігінде ғана қазақтар көшіп–қонып жүрген деп жазған.[13]. Ол кездегі Торғай облысы құрамына төрт уезд енген: Қостанай, Ырғыз, Ақтөбе және Торғай. Қазақтар осы жерлердің шөлейт аймақтарына қарай ығыстырылған. Яғни, қазақтың ғасырлар бойы еркін жайлаған ата қоныстары жау қолында қалған ғой. Жайылымдар тарылған. Қалмақтар тіпті Елек, Жем бойына дейін келген. Ал осы өңірлерді қазақтар Әбілқайырдың күш-қайраты арқасында қайтарып алды. Бүгінгі Батыс өңірдің өз қолымызда, өз елімізде қалғанында Әбілқайыр ханның үлесі зор . Академик М.Қозыбаев Әбілқайыр ханға ұлы қолбасшы, стратег, қарымды мәмілегер (дипломат) ретінде баға берсе, белгілі зерттеуші – ғалым Ж.Қасымбаев Әбілқайыр қазақ еліндегі билеушілердің ішінде оқ бойы алда тұрды және ұлы ханның тарихи рөлі сонау XIX ғ. А.Добросмыслов, И.Крафт, А.Левшин т.б. тарихшылармен біршама нақты анықталған деп есептейді. Сонымен бірге, Әбілқайыр өмірінің соңына дейін ата – бабалары өсиет қылып қалдырған құндылықтар үшін күрескенін паш етеді [14]. Әбілқайыр хан өз заманында тек қазақ арасында ғана емес, көршілес жұрттарға да беделді, әйгілі тұлға болған. Мысалы, башқұрттар оны 1709 жылы өздеріне хан болуға шақырады. Ол Хиуаның хан тағына да отыруға шақырылған. Сондай-ақ, қаһарлы жоңғар қонтайшысы да Әбілқайырмен құда болуға ұмтылып, мұрагер ұлына Әбілқайырдың қызын сұраған. Хан бұған бастапқыда келісім бермеген. Бірақ, араға біраз уақыт салып, келісім беретінін жеткізіп, жоңғар жағына хабар жіберіпті. Ресей бұдан қатты сескенген. Екі жақ тіл табысып, одақтасып кете ме деп қорыққан. Ондай одақтың Ресейге қауіпті екені түсінікті. Бірақ 1748 жылы Әбілқайыр хан қаза тапты да, бұл іс соңына дейін жетпеген. Сөйтіп, жоңғар қонтайшысы қазақ – қалмақ тарихында алғаш рет және соңғы рет қазақ хандарының ішінде Әбілқайырмен ғана туыстық қатынас орнатуға күш салды.

Әбілқайыр тек ғана мемлекет қайраткері, мәмілегер ғана емес, қол бастаған атақты сардар да бола білді. Өзінің күреске толы ғұмырында Әбілқайыр хан талай жорықтарды бастап кешірді. Сондықтан да, ол өз дәуірінің ел таңдаған қол басшысы, сарбаздарының ұйытқысы. Орынбор экспедициясының бұрынғы суретшісі Джон Кэстль 1736 жылы қазақ елінде болған күнделігінде Әбілқайыр хан туралы «Ол зор тұлғалы, сымбатты, аппақ жүзі қызыл шырайлы, түсі сондай жылы кісі, сонымен қатар зор денсаулық пен қайрат- күш иесі, садақ тартуға келгенде, шынымен-ақ бүкіл ұлтта оған тең келетін кісі жоқ... Бұрын сұлтан деген лауазымы болған, қолы жеткен жеңістерінен кейін хан болды...»- деп жазып қалдырған[15]. 1726 жылы Ордабасындағы билер кеңесінде Кіші жүз ханы Әбілқайыр батырлық пен биліктің тамаша үлгілерін көрсете білді. 1728 жылғы «Қалмақ қырылған» Бұланты – Білеуті шайқасы, 1729 – 1730 жж. Аңырақай аталған екі ірі шайқаста да қазақ жасақтарының бас сардары – Әбілқайыр еді. Шындығында, егер Бұланты мен Аңырақайдағы жеңістер болмаса, Қазақ ордасы осыдан жүз жыл бұрын мүлде тозып, құрып біткен Ноғай ордасының кебін киері анық – ты. Токтау көрмеген Жоңғар қалмағы енді бірер серпіннен соң Еділ қалмағымен тоғысар еді де, Сарыарқадан айырылған соң қазақтың барар жері, басар тауы қалмас еді. Хандық садаға, халқының өзі құрып кетер еді, - деп жазады белгілі жазушы, ғалым, қоғам қайраткері М. Мағауин [16].

Әбілқайыр есептерінің жөнге келетіндігі ол кезде қазақтар үшін басты қауіп енді жоңғарлар емес. Ресей бодандары – башқұрттар, Еділ бойы қалмақтары, Жайық және Сібір казактары еді. Кіші жүз солардың қыспағында қалды. Осы арада шетелдік зерттеушілер қазақтардың түсінігімен «бодандық» жөнін былай көрсетеді: «1731 жылғы Әбілқайыр ханның қазақтары Ресей бодандығына енгізу туралы нақты байламы жоқ, сөз жүзінде ғана жасалған, кез келген тиімді уақытта бас тарта салатын біржақты, өз еркімен біреудің патронаждық статусын қабылдау жөніндегі қадам болды. Ресей сюзеренитетін (билігін) мойындай отырып, қазақтар орыстардан сыртқы жауларына қарсы көмек сұрауға, шекаралы жерлердегі жайылымдарды пайдалану

мүмкіндігіне ие болуға тырысты. Бірақ патша үкіметі қазақтар өтінішіне тым ынта қоя қарады және олар шын мәнінде өз еркімен Ресей бодандары болды деп есептеді...» [17]. Сондықтан қазақ хандарына жіберілген алғашқы грамоталардың өзіне «қол астына алу» термині енгізілді. Ал іс жүзінде қазақ хандарының көздегені мүлде басқа-«диалог принципі» арқылы күшті одақтастың қамқорлығына негізделген әскери-саяси альянс еді. Қандай да бір мәселелерде келісімге келе алмаған жағдайда, тараптардың қай-қайсысы да мұндай альянстан оп-оңай шығып кете алатын. Ал патшалық Ресей «қамқорлық» ұғымына басқа тұрғыдан қарады. Генерал Неплюев қазақтарға бағыныштылықтың ресейлік нұсқасын таңғысы келді де, Әбілқайыр хан ондайды қабылдай алмады. Оған Әбілқайырдың 1748 жылы қаза тапқанға дейін жүргізген саясаты дәлел бола алады. Айталық, кіші жүз қазақтарының 1734 жылы Сахмар қалашығына, 1735 жылдың 8-9 мамырында Жайық казак-орыстарына, 1737, 1739, 1741 жылдары Еділ қалмақтарына шабуыл жасауы, 1737 жылы башқұрттардың ресейге қарсы көтерілісіне қатысуы, 1745-1746, 1747 жылдары орыс елді-мекендеріне ұйымдастырған шапқыншылықтары империяға қарсы әскери қимылдары дәлел бола алады. Сөйтіп Әбілқайыр хан сыртқы жауға қарсы күресте қазақ халқын біріктіріп, осы күрес тарихындағы басты тұлға болды. Қазақ елінің батыс, солтүстік аймақтарының қоныстарын кеңейтті. Көршілес елдермен дипломатиялық қарым-қатынас орнатып, сауданы дамытуға күш салды. Әбілқайырдың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі қазақ мемлекеттігін, елінің тұтастығын сақтауға арналды.

Әдебиеттер

1. Мәшімбаев С.М. Әбілқайыр хан.- Астана, 2007.- 123, 8 – 9 б.
2. К истории каракалпаков XVIII в.//Красный архив. -1938. -Т.6.- 245 б.
3. Мажитов.С.Ф. Проблемы истории, теории и историографии народно – освободительного движения XVIII – начала XX вв. в Казахстане. – Алматы, 2007. - 29 б.
4. Сүлейменов Б.С., Басин В.Я. Казахстан в составе России в XVIII – начале XX века.- А.: «Наука КазССР».- 1981. – 106 б.
5. Крафт И.И. Принятие киргизами русского подданства.-Оренбург, 1897; Козыбаев М.К. Избранные труды.- А.: «Ғалым».- 2006.- 86 б.; Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. – Алматы, 1998.- 33 б.
6. Мәшімбаев С.М. Әбілқайыр хан.- Астана, 2007. -123, 12 б.
7. Қозыбаев М. Жауды шаптым ту байлап.- А.: Жалын.- 2004.- 9, 101 бб.
8. Жақсығалиев Ж. Әбілқайыр хан және Қазақстанның Ресейге қосылуы.//Қазақ тарихы, 1999, №6.- 66, 10 – 15 б.
9. Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20 – 40 жылдарында: Оқу құралы. Алматы: Санат.- 1994.- 13, 35 – 36 б.
10. Қасымбаев Ж. Последние годы жизни Абулхаир хана //Әбілқайыр хан: Жинақ/Құраст. К.Есмағамбетов. -А.: Арыс.- 2004.- 100, 36 – 54; 172, 222 – 261 б.
11. Ерофеева И.В. Хан Абулхаир: полководец, правитель и политик/ Научное издание. А.: Санат, 1999., Ерофеева И.В. Хан Абулхаир: полководец, правитель и политик. Изд. 3-е. Исправленное и дополненное.- А.: Дайк-Пресс.- 2007 б.
12. Есмағамбетов К. Әбілқайыр хан. Жинақ.- А.: «Арыс».- 2004.- 16 – б.
13. Добросмыслов А.И. Тургайская область. Исторический очерк.- Ақтобе, 2010. -14 б.
14. Козыбаев М.К. Актуальные проблемы изучения Отечественный истории.//Избранные труды.-А.:Ғылым.-2006.–20б. Касымбаев Ж.К. Государственные деятели казахских ханств (XVIII в.). –А.:Білім.- 1999. – 64 б.
15. Кэстль Джон. 1736 жылы Кіші жүз ханы Әбілқайырға барып қайтқан сапар туралы.- А.: Атамұра.- 1996. - 82,84 б.
16. Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі.- Алматы: Қазақстан.- 1995.- 216, 97 – 99 б.
17. Боджер А. Кіші жүз ханы Әбілқайыр және оның 1731 жылы қазан айында Ресей бодандығына өту жөніндегі анты. //Ағылшын тарихшысының пайымын баспаға

ұсынған М.Қозыбаев//Ақиқат, 1992, №45, 27 – 31 б. Почекаев Р.Ю. Указ императрицы Анны и присяга Абулхаира 1731г.: Между старинными традициями и новым имперским законодательством// Отан тарихы, №3, 2014.- 5 – 16 б.

ӘОЖ 950.574.1:312-21

АҚТӨБЕ ГУБЕРНИЯСЫНДАҒЫ 1921-1922 ЖЖ. АШТЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЗАРДАБЫ

А.Т. Мәден, Г.А. Аманалы

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ақтөбе қ., Қазақстан*

За основу статьи взяты демографические последствия голода в Актюбинской губернии 20-х годов прошлого века.

For basis of the article the demographic consequences of hunger are taken in the Aktobe province th 20 of the last century.

Ключевые слова: *Актюбинская губерния, голод, социально-демографические последствия.*
Key words: *the Aktobe province, hunger, socially-demographic consequences.*

Азамат соғысынан кейін, 1921-1922 жылдары орын алған аштық Ақтөбе өңірі халқына да үлкен әлеуметтік-демографиялық зардап әкелді. Аштықтың демографиялық зардабы азамат соғысы жылдарындағы адам шығынынан да зор болды. Шын мәнісінде, аталған екі нәубетті бір-бірінен бөліп, ажырату мүмкін емес, себебі, аштықтың орын алуына азамат соғысының ойраны алғышарт жасаған еді. Сонымен, 1921-1922 жылдардағы аштықтың себептері азамат соғысы жылдарындағы халық шаруашылығының күйретілуі, «соғыс коммунизмі» саясатының жүзеге асырылуы нәтижесіндегі мал басының күрт кемуі, егіс алқаптары көлемінің қысқаруы, соған байланысты халықтың қолындағы азық-түлік қорының таусылуы болды. Сонымен қатар, 1920 жылғы жұт пен 1921 жылғы құрғақшылық халық шаруашылығын түпкілікті күйретіп, азық-түлік дағдарысын туғызды. Осылайша, 1921 жылы Ақтөбемен бірге Қазақстанның Орынбор, Орал, Қостанай, Бөкей губернияларында және Адай уезінде аштық кең етек алды.

Аталған губерниялардағы аштықтың орын алуы жөніндегі жағымсыз хабарларды Қаз.ОАК-ті 1921 жылдың маусым айынан ала бастады. Кейін бұл хабарлар губерниялардың атқарушы комитеттері жіберген баяндамаларымен, жергілікті жерлердегі өкілетті адамдардың көргендерімен расталады. Аштық апатының орын алатындығына жер шаруашылығы, азық-түлік және статистика органдарының жедел зерттеуі де көз жеткізді. Осыдан соң Қаз.ОАК ашыққандарға көмек беру шараларын ұйымдастырып, тиісті органдар құра бастайды [1, 2-п.].

Ақтөбе губерниясы Орынбор, Бөкей, Қостанай губерниялары және Адай уезімен бірге ашыққан өлкелер ретінде 1921 жылы 10-тамызда танылды. Бұл губерниялардағы жағдай олардағы ауыл шаруашылығының ахуалы мен жаңа егіс түсімінің мәліметтері негізінде 1922 жылы қайта бағаланды. Сол зерттеулердің нәтижесінде, 1922 жылы 11-қарашада ҚАКСР ЕҚК Орал және Бөкей губернияларын ашыққан губерниялар деп танып [2, 149-п.], бұл шешіммен 1922 жылы 16-қарашада Қаз.ОАК Кіші Президиумі келісіп, қаулы шығарады [3, 23-п.].

Жоғарыда айтылып өткендей, 1921 жылы ашаршылықтың орын алуына «соғыс коммунизмі» саясатының аясында жүзеге асырылған шаралар да ықпал етті. Оның ішінде, азық-түлік салғыртының нәтижесінде 1920 жылдың соңына қарай ҚАКСР халқының азық-түліктік қоры түгесілді. Республиканың Халық комиссарлары кеңесінің құжаттарында

бағалау түрінде атап өтілгендей «халық тұншықты»... Ет пен сүт өнімдеріне салғырттың енгізілуі қазақ шаруашылығына үлкен шығын әкелді. Бұл мақсатта 1920 жылы 23-наурызда РКФСР ХКК «Етке міндетті мал тапсыру жөніндегі» қаулысы жарық көрді. Осы қаулыда белгіленген нормалар жергілікті жерлерде кейде ұлғайтылып отырды. Мысалы, 1920 жылдың 1-ақпанына қарай Ақтөбе уезіне 9000 бас ірі қара және 3000 бас ұсақ мал тапсыру жоспарланып берілсе, Ақтөбе аудандық азық-түлік комитетінің алқасы аталған норманы ұлғайтып, 10000 бас ірі қара және 80000 бас ұсақ мал тапсыруды бекітеді [4, 40-43-бб.]. Орталықтың осы саясатының нәтижесінде өңірдегі мал басының саны 1921 жылға дейін-ақ едәуір кеміді. Оның үстіне, 1920 жылы болған жұт та қолда бар мал басын сақтап қалуға қиындық келтірді. Мәселен, Темір уезінде 1920-1921 жылдың қысында мал азығының болмауынан мал басының 85 %-ға жуығы шығынға ұшырайды [5, 20-п.]. Сол сияқты, аталған уақытта Ойыл ауданының да түрлі малының 54359 басы жем-шөптің жоқтығынан қырылған [6, 38-п.].

Ашаршылық және жұт жылдары егіс алқаптары да едәуір қысқарды. Соған байланысты, дәнді-дақылдар өндірісі күрт кеміді. Астықтың түсімі төмен болды. Осылайша, азық-түліктен тарыққан халық егіс салып қалыптасқан жағдайдан өз бетінше шығу мүмкіндігінен айырылды.

Осындай себептерге байланысты аталған губернияларда ашыққан халық саны үнемі артып отырды. Ақтөбе губерниясында 1921 жылдың соңындағы мәлімет бойынша ашыққандардың саны 359 325 адамды құрады [7, 12-п.]. Әрине, бұл сандар нақты деп айта алмаймыз. Аштықпен күрес науқанының қызып тұрған кезеңінде де жергілікті жерлерде аштыққа ұшырағандардың нақты санын есепке алу мүмкін болмады. Өйткені, ашыққан халық бір орында тұрақтамады, олар үнемі қолайлы жер іздеп босумен болды.

Ашыққан халық алдымен ауылдық елді мекендерден қалаларға ағылды. Дегенмен, мұнда да жағдай мәз емес-тін. Қалаларда ашаршылықтың басталысымен сауда-өнеркәсіптік сипаттағы мекемелер мен ұйымдардағы жұмысшылар саны қысқартылды [7, 13-п.].

Шағын қалаларда мұндай өндіріс орындары аштықтың кең етек алуымен мүлдем жабылып қалды, немесе оларға шикізат, сондай-ақ, отын-суы да жетіспеді. Осы жағдайлардың барлығы қалаларда ашыққандар санының үнемі ұлғаюына ықпал етті. Ашыққандар ретінде ешқандай табысы, малы жоқ және азық-түлік қорымен мүлдем қамтамасыз етілмеген тұрғындар есептелді.

Ашыққан губерниялардағы жағдай 1921-1922 жылдың қысында күрделене түсті. Оған қыстың қатал болуы, көлік қатынасының болмауынан әсіресе, ауылдық жерлермен байланыстың үзілуі, оларға дер кезінде азық-түліктің жеткізілмеуі себеп болды. Осы жағдай ашыққандар санының күрт өсуіне әкелді. Мәселен, 1921 жылдың желтоқсан айындағы мәлімет бойынша республикадағы ашыққан халық саны 1 213 026 адамды құраса, 1922 жылдың мамыр айында олардың саны 2 092 407 адамға жетті [8, 429-п.]. Осы мәліметтерге қарап-ақ ашыққандар санының бес айдың ішінде 42 %-ға өскендігін есептеп шығаруға болады. Дегенмен, бұл сандардың нақты еместігін тағы да ескерткіміз келеді. Себебі, әрбір деректе әртүрлі сандар келтіріледі. Айталық, зерттеуші Е.І. Медеубаев басқа мұрағат деректеріне сүйене отырып, осы аралықта республика бойынша ашыққандар санының 1 559 911 адамнан 2 071 222 адамға дейін ұлғайғандығын жазады [4, 138-б.].

Осы қыс айларында әсіресе, ауыл халқы ерекше күйзеліске ұшырағандығын мұрағат деректері дәлелдейді. Тіпті, осы уақытта адамның етін азық ретінде пайдалану фактілері де орын алған. Бұл халықтың моральдық-психологиялық жағынан әбден құлдырауының көрінісі болатын. Мысалы, Ақтөбе губерниясының Андреевский болысында өз балаларын жеген әйелдер кездескен [9, 65-б.]. Осындай фактілер басқа қалаларда да орын алады.

Қалаларда қалыптасқан күрделі ахуалды осында жан-жақтан босқындардың ағылуы барынша ушықтырды. Босқындар жақын елді мекендермен қатар көршілес губерниялардан да келді. Деректер Қазақстанның батысына Ресейдің Самара губерниясынан, сондай-ақ, Еділ бойының басқа губернияларынан да босқындардың келгендігін көрсетеді. Ашыққандардың қолайлы жер іздеу мақсатында қалалар мен ірі

елді мекендердің темір жол станцияларына шоғырлана бастауы 1921 жылдың ортасында-ақ байқалды, шілде айының соңына қарай ол ерекше көрініс тапса, қыркүйек-қазан айларында бұл үдеріс өзінің шырқау шегіне жетті. Жоғарыда айтқандай, осы бұқараның барлығы ҚКСР-ның тұрғындары болмады. Аталған босқындар Түркістан республикасының территориясына өтуге тырысты [1, 11-12-пп.].

Босқындар Ақтөбе станциясы арқылы діттеген жерлеріне жетуге тырысты, олардың бірқатары қалада тұрақтап қалды. Осындай көрініс губернияның шағын қалаларында да орын алды. Жергілікті басшылардың 1921 жылғы 10-қазандағы мәліметі бойынша Ақтөбе станциясындағы түрлі губерниялар мен уездерден келген ашыққандардың саны 2000 адамға жеткен. Босқындар аш-жалаңаш ашық аспан астында тұрып жатты, олардың ешқандай жүгі мен қаражаты болмады. Асханалардан тек балаларға тамақ берілді. Ашыққан халық өздерін Оңтүстік өлкеге Жетісуға жіберуді немесе азық-түлікпен көмектесуді сұраған [5, 25-п.]. Самара губерниясының босқындары Ойыл ауданынан да төбе көрсетті. Жергілікті атқарушы билік оларға Ақтөбе губерниялық басшылығының шешімімен уақытша қалуға рұқсат етті [6, 47-п.]. Ал, Темір қаласында Темір аудандық атқарушы комитеттің төрағасы Темірбековтің мәлімдемесіне қарағанда уезден ағылған ашыққандардың саны күннен-күнге ұлғайған, босқындарға арналған үй толық болды, асханадан 500 ден аса адам тамақтандырылған. Олардың 41-і балалар, 73-і әйелдер болды. Бірақ, асханаға тамақтануға келгендердің саны күніне 20-25 адамға артып отырды [5, 42-п.]. Осылайша, қалаларға ашыққан халықтың үздіксіз ағылуы мұндағы азық-түлік тапшылығын одан әрі күшейтіп, оның салдары өлім-жітім деңгейінің өсуінен көрінді. Ашаршылық жылдары қала халқы да үлкен шығынға ұшырады. Тұрғындар бастапқыда тойып тамақ ішпеуден организмнің әлсіреуінен өліп жатты. Ашыққан босқындар қозғалысының өрістеуімен бұған түрлі індеттерге шалдығу да қосылды. Жұқпалы індеттердің тез тарауына Түркістан бағытында қозғалып бара жатырған ашыққан халықтың Ташкент темір жолының бойындағы станцияларда тұрып қалып, ары қарай жүруге мүмкіндіктері болмаған олардың қалаларда шоғырлануы ықпал етті. Өлім-жітім деңгейі жаз айларына қарағанда күн суытқанда, қыс айларында жоғары болды. Мәселен, Ақтөбе қаласында 1922 жылдың ақпан айына қарай 9500 мәйіт көмусіз қалған. Бұлардың көпшілігі организмдерінің әлсіреуінен өлген ашыққандар қатарына жатады [10, 162-п.].

Өлім-жітім балалар арасында да өршіп тұрды. Ақтөбе қаласындағы №2 балалар үйінің өзінде 1921 жылдың 17-маусымы мен 17-қарашасы аралығындағы уақытта 94 тәрбиеленуші қайтыс болды [11, 53-54-пп.]. Балалар арасында өлім-жітім деңгейінің бұлайша жоғары болуына олар тәрбиеленіп жатырған үйлер мен уақытша қабылдау орындарының ешқандай санитарлық және гигиеналық талаптарға сай келмеуі, тәрбиеленушілерге керуеттердің, көрпе-төсек пен киім-кешектің жетіспеуі, ең бастысы олардың дұрыс тамақтанбауы ықпал етті. Оның үстіне, қалалар мен уездік елді мекендердегі балалар үйлері шектен тыс толық болды. Мысалы, балалардың өмірі мен жағдайын жақсарту бойынша Ақтөбе губерниялық комиссиясы төрағасының 1921 жылғы 30-қарашадағы баяндамасында Ақтөбедегі балалар үйлері 250 %-ға дейін толып отырғандығы, балалар үйлерінде қалыптасқан жоғарыда аталған ахуалдың салдарынан күніне тәрбиеленушілердің жалпы санының 5 %-ына дейін өлетіндігі айтылады [11, 50-п.]. Жоғарыда айтылғандай, өлім-жітімнің көбеюіне ашыққандардың түрлі жұқпалы аурулардың індетіне шалдығуы да септігін тигізді. Темір жол бойындағы станциялар мен қалаларда шоғырланып қалған ашыққан халық жаппай ауруға шалдықты және сонымен бір мезгілде жұқпалы аурулардың күшті ошағына айналды. Республика территориясында бірінші болып кең таралған індет – сүзек ауруы болды. 1920 жылдың күзінен мықтап орныққан сүзек індеті ашаршылыққа байланысты 1921 жылы апаттық көлемге жетті. Бірте-бірте ұлғая түскен індет 1921 жылдың соңы мен 1922 жылдың басында өз дамуының шарықтау шегіне жетеді. 1921 жылдың қыркүйегінен 1922 жылдың ақпанына дейінгі 5 айдың ішінде Ақтөбе губерниясында сүзек індетіне шалдыққан 5365 адам тіркелген. Аталған кезеңде тұрғындар сүзек індетінен басқа дезинтерияға шалдығады. Бұл аурумен

Орынбор, Ақтөбе, Қостанай, Орал, Ақмола және Бөкей губернияларында 4543 адам ауырған [10, 161-162-пп.].

Түрлі жұқпалы індеттер әсіресе, қыс айларында күшейді. Мәселен, Ақтөбе губерниясында 1922 жылдың қысында сүзек індетінің түрлері өршіп тұрды. Көктемде оны оба ауруы алмастырса, күзге қарай сүзек індеті қайталанды. Бірақ, бұл уақытқа дейін оның көлемі едәуір қысқарған еді. Індеттің бұлайша дамуының негізгі себебі біріншіден, губернияның өзінің ашығуы, екіншіден, губерния арқылы Самара губерниясының Ташкентке бет алған ашыққан босқындарының өтуі болды. Оба індеті сүзек ауруымен салыстырғанда көлемді болмады. Оба індеті бірінші рет Шалқарда тіркеледі, кейін бұл індет Ақтөбе қаласына көшті. Ақтөбеде оба ауруына шалдығудың соңғы жағдайы тамыз айының ортасында тіркелді. Сонымен, Ақтөбе губерниясында қоса есептегенде 1922 жылдың қаңтар-тамыз айларының аралығында 22400 адам түрлі ауруларға шалдыққан, оның ішінде, сүзек індетінің түрлері, дезинтерия, оба, туберкулез, жыныстық жолмен берілетін жұқпалы аурулар тіркелді. 22400 адамның 4456-сы аштықтан организмдерінің әлсіреуінен көз жұмған. Жалпы, губернияда ауруға шалдыққандардың үлесі барлық халықтың санына шаққанда әр уақытта 8-ден 12 %-ға дейін ауытқып отырды. Өлгендердің үлесі барлық халық санының 2 %-ына дейін жетсе, тамыз айында ол көрсеткіш 0,5 %-ға дейін төмендеді. Ал ауырғандардың арасындағы өлім деңгейі 12 %-ға дейін жетті [12, 147-148-пп.].

Жергілікті атқарушы билік пен тиісті органдар губерниялардағы ашаршылық және індетпен күресу жолында түрлі шаралар қабылдады. Олардың қатарында қалалар мен темір жол станцияларындағы халықтың шоғырлануын азайту, балаларды қолайлы аймақтарға эвакуациялау, тамақтану пункттерін көбейту, індетке шалдыққандарды егу жұмыстарын жүргізу, оларға азық-түлік паегін ұлғайту шараларын атауға болады. Аталған шаралардың ең маңыздысы әрі нәтижелісі ашыққандарды көшіру болды. Осыны түсінген Орынбор және Ақтөбе губерниясының тиісті органдары 1921 жылдың күзінен ашыққандарды жинау және Түркістанға жөнелту жұмыстарын бастады. Өз кезегінде Түркістан республикасы ашыққан 30000 адамға дейін қабылдауға дайын екендіктерін жариялады. Осы жұмыстар барысында Ташкент темір жолы бойындағы Орынбордан Шалқарға дейінгі станциялар шоғырланған халықтан азайтылды. Эвакуацияланғандар жол бойы азық-түлікпен, медициналық және санитарлық қадағалаумен қамтамасыз етілді. Орынбор қаласында эвакуация қазан-қараша айларында шоғырлануды азайту сипатына ие болса, Ақтөбеде шоғырлануды азайту сәл кейін 1921 жылдың желтоқсан айында басталып, 1922 жылдың ақпанында түпкілікті аяқталды. Дегенмен, республикада 1-желтоқсанға дейін ашыққан халықты көшіру өте қиын жағдайда жүрді. Азық-түлік, киім-кешек жетіспеді, вагондар адам тасуға мүлдем жарамсыз болды, ең бастысы поездардың тоқтаусыз қозғалысын қамтамасыз ету үшін паровоздар жетіспеді. Поездар соңғыларының бұзылуынан, кейді тіпті, олардың жоқтығынан немесе жанар-жағар майдың болмауынан тоқтап тұрды. Ашыққандарға азық-түлік және отын-су болмады, сондықтан адамдар поездарда аштықтан, суықтан және аурудан көптеп өліп жатты. 1921 жылдың 1-желтоқсанынан 1922 жылдың 15-қаңтарына дейін эвакуация мүлдем тоқтап қалды. Оның себебі жылжымалы құрамның, паровоздардың болмауы, темір жол әкімшілігі арасында ауруға шалдыққандар үлесінің көп болуы, ашыққандарды қыс мезгілінде вагондардың жеткілікті жабдықталуынсыз және жылы киімсіз жөнелтудің мүмкін болмауы, ең бастысы темір жол қатынасын апталарға үзген қалың қардың жолды бітеп тастауы болды [1, 12-13-пп.].

Осындай қиыншылықтарға қарамастан, ашыққан халықты аман алып қалудың басты жолы болған эвакуацияны жергілікті жерлерде жүргізуді жалғастырды. Ақтөбе губерниясында Эвакуация бойынша губерниялық басқарма 1922 жылға дейін Батысқа - 32 әскери тұтқынды, 1346 Польшаның босқынын, 43 Литва және Латвияның босқынын, Түркістанға – 1135 босқын, 3470 ашыққандарды көшіруді жүзеге асырады [13, 8-п.]. Эвакуация барысында балалар үйіндегі тәрбиленушілерді және көшедегі панасыз жүрген

балаларды көшіруге ерекше назар аударылды. Соның нәтижесінде, 1921 жылдың қараша айына дейін-ақ Ақтөбеден 1000 астам бала эвакуацияланды. Олардың басым бөлігі Түркістан республикасына көшірілді [11, 51-п.]. Балалар үйлеріндегі тәрбиеленушілер санын азайту шағын қалалар мен поселкелерде де жүргізілді. Мәселен, 1921 жылдың қараша айында Темір қаласындағы балалар үйінен 60 тәрбиеленушіні астық мол шыққан губернияға көшіру мәселесі көтерілген [5, 42-п.].

Қалаларда халықтың шоғырлануын азайту және осында босқындардың ағылуын шектеу індетпен күресті жеңілдетті. Ақтөбе губерниясында тұрғындарды індетке қарсы жаппай егу жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде, осында оба індетінің алдын алу және оның таралуын шектеу мүмкін болды [12, 147-п.]. Алайда, түрлі індетті толық ауыздықтауға ашаршылықпен қатар, медицина қызметкерлерінің жетіспеушілігі қол байлау болғандығын атап өткен жөн.

Ашаршылықпен күрес барысында ашыққандарды азық-түлікпен қамтамасыз етуге барлық күш жұмылдырылды. Дегенмен, Кеңес өкіметінің, одан қалды, жергілікті атқарушы биліктің ашаршылықпен күрестегі саясатының қарама-қайшылығы осы бағыттан көрініс тапты. Яғни, тиісті органдар қанша тырысқанымен бөлінген азық-түлік паяздары ашыққан халыққа жетпеді. Жоспар бойынша әр губернияға белгіленген азық-түлік көлемінің өзін жергілікті жерлерде беру мүмкін болмады. Себебі, сырттан азық-түлік жеткізілмеді. Осы жәйттерді ашыққандарға көмек берудің тиісті органдары да мойындайды [1, 22-23-пп.]. Соған қарамастан, бұл бағыттағы жоспарланған жұмыстар мүмкіндігінше жүзеге асырылды.

Ашыққандарды тамақтандырудың бір жолы қалалар мен темір жол бойындағы поселкелерде асханалар және тамақтандыру пунктерін құру болды. Мысалы, Ақтөбе губерниясында 1921 жылдың қараша айына дейін 10 тамақтану пункті ұйымдастырылып, олардан 6 мыңнан аса адам ауқаттанған [14, 48-п.].

Губерниядағы аштықпен күресуде ашыққандарға көмек берудің «АРА» Американдық әкімшілігінің қызметі маңызды рөл атқарды. Ашыққандарға көмек берудің «АРА» Американдық әкімшілігі – ашаршылыққа ұшыраған губерниялардағы халыққа көмек берген шет елдік ұйымдардың ішіндегі ең ірісі болды. «АРА» 1921 жылдың желтоқсан айынан алдымен Орынбор қаласында асханалар желісін құруды бастап, кейін өзінің қызметін бүкіл Орынбор және Ақтөбе губерниясына таратты [8, 432-п.]. Бұл ұйым ашаршылыққа қарсы күреске сүбелі үлес қосты.

Сонымен, 1921-1922 жылдардағы ашаршылықтың демографиялық салдарын 1920 және 1923 жылғы халық санақтарының қорытындыларын салыстыру арқылы бағамдауға болады (1-кесте) [15, 22-23-пп.; 16, 6-7-бб.; 17, 13-б.].

1-кесте. 1920-1923 жж. Батыс Қазақстан халқының динамикасы

Губерниялар атауы	Халық саны					
	Қала		Ауыл		Барлығы	
	1920 ж.	1923 ж.	1920 ж.	1923 ж.	1920 ж.	1923 ж.
Ақтөбе	19 959	28 803	430 750	271 392	450 709	300 195

Кестеден көрінетіндей, 1920-1923 жылдар аралығында губерниядағы қала халқы 30,7 %-ға адамға өскен. Дегенмен, жалпы халық саны 150514 адамға немесе 33,4 %-ға қысқарды. Қала халқындағы өсім қалалықтар шығынға ұшырамады дегенді білдірмейді. Керісінше, бұл көрсеткіштен қала халқының үлкен демографиялық тұралауға ұшырағандығын байқау қиын емес. Қала халқындағы өсім тек ғана механикалық жолмен қамтамасыз етілді, яғни, ашаршылық жылдары қала халқында орын алған шығынды осында тұрақтап қалған босқындар мен қоныс аударғандар тез толықтырып отырды.

Қала халқына қарағанда ауыл халқындағы адам шығынының едәуір көп болуы ауылдағы халықтың аштық алдында дәрменсіздік танытуымен түсіндіріледі. Өйткені, ауыл халқы бұған дейінгі басына түскен барлық ауыртпалықтарымен қоса ашаршылықпен бетпе-бет қалды, оған өкімет органдарымен ұйымдастырылып жатырған көмек шаралары

да толығымен жеткен жоқ. Кестедегі ауыл халқына қатысты берілген сандардан ашаршылықтың салдарынан шығынға ұшырағандар санын есептеп шығаруға болады, дегенмен, бұған осы жылдары бас сауғалап республикадан тыс жерлерге қоныс аударғандарды қосқан жөн. Бұл босқындардың ішінде қазақтар да болды. Жалпы, кейбір деректер бойынша ашаршылық жайлаған батыс губернияларда халық шығыны 648 737 адамды немесе 29,5 %-ды құрады (бұл санға көшіріліп әкетілгендер, республикадан тыс жаңа жерлерге қоныс аударғандар, сондай-ақ, аштық пен індет салдарынан өлгендер де енгізілген). Демографтардың есептеуінше 414 мың қазақ немесе республика қазақтарының 18,5 %-ы ашаршылықтың құрбанына айналған. Оның ішінде Ақтөбе губерниясының шығыны 159 мың адамды (губернияның 39,1 % қазақтары) құрайды. Ал, ашаршылық жылдарында республика халқының саны 19,1 %-ға қысқарса, оның ішінде ауыл халқы – 21,5 %-ға кеміді [18, 368-369-бб.].

Осылайша, 1921-1922 жылдардағы аштық Ақтөбе губерниясының халқы үшін үлкен сын сағаты болды. Аштықтың демографиялық салдарынан өңір халқының құрылымында айтарлықтай сандық және сапалық өзгерістер орын алды.

Әдебиеттер

1. БҚОММ. 19-қор, 1-тізбе, 26-іс.
2. АқОММ. 3-қор, 1-тізбе, 39-іс.
3. БҚОММ. 623-қор, 1-тізбе, 1-іс.
4. Медеубаев Е.И. «Военный коммунизм» в Казахстане: политика, практика, идеология (1918-1921 гг.). – Ақтобе, 2003. – 186 с.
5. АқОММ. 3-қор, 1-тізбе, 18-іс.
6. АқОММ. 3-қор, 1-тізбе, 16-іс.
7. ҚР ОММ. 320-қор, 1-тізбе, 33-іс.
8. ҚР ОММ. 320-қор, 1-тізбе, 45-іс.
9. Қаленова Т. 1921-1922 жж. аштық кезіндегі қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық жағдайы // Қазақстан мұрағаттары. – 2008. – №2. – 63-67 бб.
10. АқОММ. 3-қор, 1-тізбе, 53-іс.
11. АқОММ. 3-қор, 1-тізбе, 8-іс.
12. АқОММ. 3-қор, 1-тізбе, 47-іс.
13. АқОММ. 3-қор, 1-тізбе, 216-іс.
14. АқОММ. 3-қор, 1-тізбе, 255-іс.
15. ҚР ОММ. 698-қор, 14-тізбе, 3-іс.
16. Итоги Всесоюзной городской переписи 1923 г. Общие предварительные сведения о городах и их населения. – Москва, 1924. – Ч. 1. – 89 с.
17. Сельское население Киргизской ССР в 1923 г. По итогам сельскохозяйственной переписей 1923 г. Выпуск 1. Западная Киргизия. – Оренбург, 1924. – 79 с.
18. Алексеенко А.Н., Масанов Н.Э. Миграционные и этнодемографические процессы в советский период / История Казахстана: народы и культуры. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 608 с. – С. 367-419.

**XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ТҮРКІСТАН ӨЛКЕСІНДЕГІ ТАРИХИ-МӘДЕНИ
ЕСКЕРТКІШТЕР ЗЕРТТЕУШІЛЕР ЕҢБЕКТЕРІНДЕ**

Қ. Ысқақ

*«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы РМҚК
Түркістан қ., Қазақстан*

Данная статья посвящена анализу исследований историко-культурных наследий Туркестанского края.

This article is sanctified to the analysis of research historical-cultural heritage of the Turkestan region.

Ключевые слова: *Туркестан, XX век, историко-культурные наследия.*

Key words: *Turkestan, XX century, historico-cultural heritage.*

Киелі қазақ даласы қандай кең әрі көлемді болса, сол шетсіз де шексіз, ұлан-ғайыр даладағы қойнауы сырға толы тарихи-мәдени орындардың тарихы да соншалық ауқымды, әрі маңызды. Бүгінде өзінің географиялық ерекшеліктері, этнографиялық тұрмыс-тіршілігі, тарихи және мәдени сипаты жағынан қазақ жері бірнеше аймақтарға бөлінсе, солардың бірі Түркістан өлкесі.

1948 жылғы С.П. Толстов бастаған Хорезм экспедициясын айтпасақ, Түркістан өлкесіндегі көптеген қалалар, оба, мазарлар орны археологиялық тұрғыдан зерттелген емес. Сыр бойындағы сансыз обалар мен асарлар – көне дәуірлерден жеткен тарихи-мәдени ескерткіштер. Шыназ бен Шиелі аралығындағы Оқшы-ата, Ұзын-ата, Сүткент, Байырқұм, ешкілі, Жартөбе, Рабат, Қалған-ата, Артық-ата, Раздық ата, Ясы, Отырар, Құмкент, Саудакент, Сауран, Сығанақ, Сайрамнан бастап Сырдың төменгі ағысындағы Қөпрабат, Құттыкент, Ордакент, Өзгент, Қылышты ата, Қорасан ата, Сырлытам, Шірік Рабат, Қармақшы ата, Қорқыт ата, Женд, Жаркент сияқты толып жатқан қалалардың өзіндік тарихы, аңыз әңгімелері бар. Солардың барлығына болмаса да бірнешеуіне тоқталып өтуді жөн көріп отырмыз.

Жалпы өлкедегі тарихи орындарды зерттеу ісі XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезінде басталса керек. Шығыстанушы, археолог П. Лерх өзінің «Археологическая поездка в Туркестанский край в 1867 году» деген еңбегінде Сырдың төменіндегі бірқатар қалалардың ізін анықтаған болса, мұндай деректерді біз Г. Вамберидің «История Бухары или Трансоксании с древнейших времен до настоящего» (1873), «Путешествие по Средней Азии в 1863 году» (1865), т.б. географиялық жазбалар мен археологиялық зерттеулерден кездестіреміз. Бұл тұста XIX ғасырдың аяқ шенінен бастап жұмыс істей бастаған екі бірдей ғылыми-археологиялық мекемелер – Орынбор ғылыми-археологиялық комиссиясы мен Түркістан археология әуесқойларының үйірмесін атап көрсету қажет. Себебі құрамында көптеген көрнекті ғалымдар болған бұл комиссия мен үйірмелердің атқарған жұмыстары орасан зор. Оның нәтижелері Орынбор ғылыми-археологиялық комиссия еңбектерінде, Түркістан археология әуесқойлары үйірмесінің хаттамаларында жарық көріп отырған. Өзінің «Очерк археологических изысканий в Туркестанском крае до учреждения Туркестанского Кружка любителей археологии» атты көлемді еңбегінде Н. Лыкошин өлкедегі тарихи орындардың бұл үйірме құрылғанға дейінгі зерттелуіне шолу жасап, көптеген тарихи мағлұматтар келтірген [1]. Сонымен қатар, Түркістан өлкесіндегі тарихи-мәдени ескерткіштер тарихына қатысты деректерді жинақтау ісіне Ә. Қоңыратбаев 1940 жылдардан бастап ден қоя бастады. Ғалымның архивінде сақталған бірқатар материалдар соны аңғартады.

Сауран. Отырар арқылы Сырдың бойымен төмен түсер болсақ, Түркістан мен Жаңақорғанның аралығында айтарлықтай үлкен қамал жатыр. Жан-жағы биік дуал. Бұл

орта ғасырлардағы ірі сауда орталығы болған Сауран бекінісі. Сауран қаласы туралы алғашқы деректерді біз араб саяхатшыларының жазбаларынан табамыз. Мысалы: X ғасырлар шамасында Сауранды көрген Ибн Хаукал: «Бұл Сауран – қала, мұнда ғұздар бітім және уақытша келісім, бейбітшілік кездерде сауда келісімдерін жүргізуге жиналған: ол бекіністі қала» [2, 418] деп жазған болса, келесі бір географ Әл-Максиди: «Сауран – бірінен соң бірі келетін жеті қабырғамен қоршалған ірі қала, оның рабаты бар. Ол – оғыздар мен кимақтар үшін шекаралық қорғаныс» [3, 124] - деген мәлімет келтіреді. Сауран қаласын алғаш зерттеген П. Лерх болатын. Өзінің императорлық Археология Комиссиясының 1867 жылы жариялаған есебінде ол Сауранды Түркістаннан 27 шақырым жерде, теміржол торабына жақын орналасқан қала деп көрсеткен. П. Лерх барғанда қорғанның саз кесектен салынған биік дуалдары болған. Қамалдың солтүстік-батысы мен оңтүстік-шығысында қираған құрылыстар мен төбелер көп болса да, бұл сапарында Лерх қазба жұмыстарын жүргізе алмаған. Негізгі мақсаты қамалдың сыртқы көрінісімен танысып, аздап барлау жұмыстарын жасаумен шектелу болған. Жұмыс күші аз болғандықтан Лерх биіктігі 7 кез болатын бір күмбездің етегін аздап қазған. Бірақ мардымды ешнәрсе табыла қоймаған. Сол жерден 16 футтық аралықта тағы бір күмбез болыпты. Ол 1867 жылы құлаған екен. Алғашқы күмбездің іргесін қазу барысында бір кездей терендікке барған соң оның түбірі көрінген. Бұл екі құрылысты Лерх медресенің кіре берісіндегі күмбездер болуға тиіс деген. Сол маңайдағы қорым арасынан көптеген ескі мазарлардың ізін тауып, жазуларын алған. Сөйтіп, жергілікті халық олардың кесегін молаға алғандықтан қамалдардың күн санап қирап бара жатқанын ескерткен [4,186-187]. Сауранның әсем биік күмбездері туралы деректі В. М. Флоринский еңбектерінен кездестіреміз[5,257]. Онда мынадай мәліметтер келтірілген: «Ежелгі құрылыс ескерткіштері сияқты күмбездер мен бағаналар басқа жерлерде де кездеседі. Солардың арасынан біз көне Сауран қаласын көрсетеміз. Ол Сырдария бойында Түркістаннан 50 шақырым жерде. Сауранда сақталған күмбездің биіктігі 7 кез. Оның жанында, шамамен 16 футтай жерде, 1877 жылы құлаған тағы бір күмбез тұрған. Аман тұрған күмбездің іргесіндегі топырақты қазғанда жердің бетінен оның түбіріне дейінгі топырақ қалыңдығы бір кез екендігі анықталған». Сауран күмбездерін Лерх XVI ғасырдың алғашқы жартысында салынған діни құрылыстың қалдығы болар деп шамалаған. Оған «Оқиғалар кереметі» («Чудеса происшествий») деп аталатын парсы қолжазбасының түрікше аудармасындағы «Сауран медресесі Шайбани Убайдолла ханның еркімен салынған» деген жолдар себеп болған.

Сығанақ. Аты бүкіл Мәуереннаһрға мәлім Отырардан бастап Сырдарияның шығысында жатқан қалалар саны көп емес. Солардың көрнектісі – Сығанақ. Сонау оғыз-қыпшақ дәуірінен жеткен бұл қаланы XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезінде В. Бартольд, Н. Веселовский, В. Каллаур, И. Кастанье, П. Лерх, А. Якубовскийлер зерттеген болатын. Өзінің «Исторический обзор Туркестана» деген еңбегінде А. И. Макшеев «Древности на среднем и нижнем течении по р. Сыр-Дарье» атты хабарында Е. Т. Смирнов та бұл ескерткішке қатысты мәліметтер келтірген. Сығанақ қаласы туралы қызықты деректер Ресей жерінде жарық көрген басылымдардан да кездесіп отырады. Мысалы Спасский жариялаған «Книга Большого Чертежа» (1846) атты кітапта (XVI ғ.) Сунақтың Қаратаудың бөктеріндегі қала екендігі жазылса, «Чертежная книга Сибири» (1882) атты жинақта Сығанақ Сырдың оң жағындағы қала (Сунақ) ретінде көрсетілген. Тарихи деректерде бірде Сунақ бірде Сығанақ деген атпен түскен мәліметтер шығыс, батыс жазбаларынан да ұшырасады. Атап айтар болсақ, «Сунақ» атауын ең алғаш X ғасырдағы есімі белгісіз парсы саяхатшысының қолжазбасынан тапқан А. Якубовский болатын[6,21]. Өзінің «Развалины Сыгнака» деген көлемді зерттеуінде ол: «Бұл атаудың Сығанаққа қатысты екеніне шүбә келтіруге болмайды, асылы ол халықтың транскрипция көрінісі, дәл сол күйінде әдеби шығармаларға түскен» [7, 123] - деп жазғаны бар. Сығанақты зерттеген археологтардың бірі В. Каллаур десек (1899), оның еңбектерінен де бірқатар тың әрі қызықты деректер табамыз. Өзінің «Протоколы Туркестанского кружка

любителей археологии» жинағында жариялаған хабарында ол: «Сунақ Атада ең алдымен күйдірілген қыштан соғылған екі құрылыс назар аударады. Олар осы жердегі қаламен тұспа-тұс болуға тиіс. Көлемі үлкен құрылыс үш бірдей кірер есігі бар екі бөлмеден тұрады (бүгінде тек оңтүстік жағындағы есігі сақталған, биіктігі 8 кез, батыс және солтүстік есіктері көміліп қалған). Бұл бөлменің ұзындығы мен ені 15 кез, екінші бөлменің ұзындығы мен ені 9 кез» [8,7], - деп жазады. В. Каллаур екінші бөлменің астында табыт болғанын анықтаған. Бірақ оны тас басып, бөлме үстіндегі күмбездер қираған екен. Сонымен қатар ол Сығанақ шаһарының тұрғындары туралы да сөз қозғап, онда сунақтардың тұратынын айтқан. Олар негізінен Жаңақорған (300 адам), Сауран (50 үй), Түркістан (200 үй), және Бабайқорған (150 үй) жағын мекендеген. Қаланың сунақтар арасында сығанақ деген атпен де мәлім екенін айта келіп, Каллаур қамал қираған кезде олардың Бұлғар шаһар, кейін Қараспан (Арыс) жағына кетіп, қыпшақтарға бағынғанын айтады. Кеңес дәуірінің алғашқы онжылдықтарында Сығанақ қорғаны арнайы зерттеле қоймады. Тарихи жазбаларда Сығанақ, Сунаққорған атанып келген қала кейін Сунақ ата болып өзгерген. Бұл ел ұғымында әулие есімі болғандықтан, жұрт одан бойын аулақ ұстауға тырысқан.

Өзгент. Арғы-бергі жердегі тарихи жазбалар мен жылнамалардан Өзгент деген атаумен кездесетін бірнеше тарихи ескерткіштердің болғанын көреміз. Ол бірде қала, бірде көл, бірде – мұнара. Бұл шаһардың орнын арнайы зерттеген шығыстанушы В. Каллаур оны Сыр Өзгенті (ішкі Өзгент) және Қыр Өзгенті (Сыртқы Өзгент) деп екіге бөлген. Оның анықтауынша, мұның алғашқысы шағын ғана бекініс. Өзі Сырдариямен жалғасып жатқан Өзгент көлінің жиегінде болған. Ішінен шағын төбелер болмаса құрылыс ізі байқалмаған. Бір ғана мешіті болған.

Археология әуесқойларының Түркістандық үйірмесіне белсене қатысушы ғалым В. А. Каллаурдың айтуынша, жергілікті қазақтар нәсер жауын немесе аңызға желден соң қамал ішінен мыс теңгелер табатын болған. Дәл сондай теңгені 1900 жылы Сейіт қожа мен Меңлі қожалар тапқан екен. Оның «Әлхәмділлә-761» (1358ж.) деген жазуы бар. Сол себепті Каллаур мұны XIII ғасырдың бас кезінде Жошы әскері қиратқан Өзгент шаһары деп шамалаған. Сыр бойындағы осы Қыр Өзгентті зерттеген К. Байпақов оның орнының ұзындығы 250-300 м. қаланы қоршаған қабырғасының ұзыны 50-70м. олардың жеке-жеке бөліктерден тұратынын, ал қосылған тұстары 15 күмбезбен нығайтылғанын айтады. Сол сияқты қаланың айналасы ор, қақпасы шығыс бетінде, ішінде ирригация іздері сақталғанын жаза келіп, оны XIII-XVIII ғасырларда өмір сүрген дейді. [9,1076]. Өзгент туралы қызықты мәліметтерді біз Капитан Домбровскийдің «Древняя башня (минарет) в селении Узгент», Н. Маллицкийдің «Несколько слов о древностях Узгента» деген мақалаларынан да табамыз.

Негізінен Өзгент ескерткішіне алғаш болып тарихи-археологиялық анықтама берген зерттеушілердің бірі - Н. Маллицкий. 1896 жылы Өзгентке барған зерттеуші онда Ескендір мұнарасы бар деп естиді. Бірақ онысы мұсылмандық кезеңде салынған ескерткіш болып шығады. Оның айтуына қарағанда, мұнараның жанында Санжар және Елік сұлтанның мазары болған. Санжар Шыңғыс ханның ұрпағы болса (Шағатай тұқымдары), Елік сұлтан Бабыр бекеттерінің бірі еді. Санжар 1334 жылдары билік құрған. Өзгент мұнарасының құрылысы мен биіктігі туралы Капитан Домбровский жақсы мәліметтер келтірген. Оның көрсетуінше мұнараның биіктігі 25 кез: бір бөлігі сегіз қырлы, екіншісі дөңгелек қалыпта соғылған. Осы дөңгелек бөлігінің алты белдеуі өрнектеліп, төменгісі жасалған. Қалған бес белдеуі (қалыңдығы бір кез) қыштан соғылған. Мұнараның ішінде айнала салынған биік сатысы болған. Ол негізгі бөлігіне апарады екен. Мұнараның кірер есігі оңтүстік жағында орналасқан. Мұндағы тастан жасалған саты 40 басқыштан тұрады екен. Өздері әбден тозған. Мұнара да күйген қыштан соғылған, өте мықты болған. Капитан Домбровский жергілікті халықтан сұрастырса да, оның қай дәуірде салынғанын анықтай алмаған. Сөйтіп оны азан шақыруға арналған мінбар болуға тиіс деп жорамалдаған.

Сыр бойындағы ірі қалалардың бірі саналатын Өзгент арабтар келгенде бар еді. Кейбір деректерде ол Үзжан болып та кездеседі. Қаланың 62 қақпасы болған. Онда сауда қызып, жан-жақтан көпестер ағылып жатады екен. Араб саяхатшыларының тарихи-әдеби жазбаларында Өзгент шаһары жиі айтылады. Ол кезеңде Мәуереннаһр мен Шығыс Түркістан аралығындағы сауда жолы осы Өзгент арқылы өткен көрінеді. Мысалы араб саяхатшысы Истахри Өзгентті Мәуереннаһр өлкесінің ең соңғы қаласы деп көрсеткен.

Қорасан ата. Сырдың ортаңғы ағысындағы көне мазарлардың бірі – Қорасан ата. В. Каллаурдың айтуына қарағанда, бір кездері құлаған мазарды сондағы Әділхан атты жергілікті шырақшы жөндеуден өткізіпті. Өзін Қорасан атаның ұрпағы санағандықтан ол мазардың сыртын саз балшықпен сылап, оған арабша жазуды ойып салған. Мазардың бағаналарында екі бөлек қағаз болған. Онда Қорасанның ұлы Құсайын Ғазидың қайда жерленгені көрсетілген. Өзгент пен Қорасан ата аралығындағы толып жатқан арық іздерін көрген белгілі орыс археологы И. Кастанье мұнда егіншіліктің ерте дамып, ол кезде Оғыз жылғасының суы мол болғанын айтады [10,209]. Қорасан ата мазарына қатысты аңыз да бар. Оны кезінде В. Каллаурға молда Абдолла Ниязов жазып берген. Мазмұны мынадай: Қорасан атаның тегі араб. Өзі Әли баласы имам Хасанның ұрпағынан тарайды. Өз аты – Әбдіжалил, ал Қорасан – лақабы екен. Оның Құсайын Ғази атты баласы болыпты. Ол қалмақ еліне шабуыл жасап, оларға қырғын көрсеткендіктен Ғази атаныпты–мыс. Ел аузындағы әңгімелерге қарағанда, Құсайынға найза да, қылыш та, мылтық оғы да өтпеген. Оның көзін құртуды ойлаған қалмақтар қулық шығарып, оның жұбайынан Ғазидың таң намазы кезінде бар күш-қуатынан айрылатынын біліп алады. Сөйтіп оны аңдып жүріп, таң намазы үстінде тауып, басын шауып өлтіреді. Намаз үстінде Құсайын Ғази өзін өлтіруге келгенін білген. Бірақ намазын үзбей, «Кәусар» сүресін оқимын деп, Құрандағы «әлфат» аталатын ұзақ саласына түсіп кетеді. Оны оқып бітіргенше қалмақтар келіп, намаз үстіндегілердің бәрін шауып өлтіреді. Тек Шаһи-Бұзрық есімді адам ғана намазын үзеді. Бірақ ол да артына қарап, қорғанамын дегенше мерт болған. Қалмақтардың қолынан қаза тапқан мұсылмандарды жерлегенде олардың жүзі Меккедегі Қағбаға, ал Шаһи-Бұзрықтың беті шығысқа қарап қалады. Жұрт оның жүзін Қағба тарапқа қарата алмаған дейді аңызда. Одан әрі И. Кастанье Қорасан атаның баласы Құсайын баба мазарының бағаналарындағы жазуларды да келтірген. Ол да аңыз болып шықты. Ертеде Қорасан ата таңғы намазының сүннетін өз мешітінде, ал фарызын Меккеде оқиды екен. Мұның екеуі де міндетті түрде оқылатын намаздар болған. Бірде Құсайын Ғази одан: - Сізді фарыз намазы кезінде көру қиын, сонда қайда боласыз? – деп сұрапты.

- Оны мен Қағбада оқимын, - депті Қорасан ата. Баласы қызыға түсіп:

- Ұзақ жол жүріп, арып-ашып онда барғаннан, сол Қағбаны осында

алдыруға болмас па екен? – дейді. Әкесі ондай істің өз билігінде емес екенін айтады. Баласы болса әлгі Қағбаны осында алдыру үшін рұқсат сұрайды. Әкесі рұқсат береді. Таң намазы кезінде Құсайын Ғазидың сұрауы бойынша Қағба биік көтеріліп, Қорасан атаның үстіне тұрақтайды. Мұны көрген Қорасан ата өз баласының әулие екенін біліп, жер бетіндегі Қағба көлеңкесі түскен жерлерді сызықпен қоршап, Қағбаны қайтадан Меккеге жөнелтіпті. Бір жолы осы Құсайын Ғазидың сұрауы Мекке де Сыр бойына алдырылған екен деседі. Ол келіп тұрған жер биік дуалмен қоршалыпты-мыс. Осы аңызды келтіре отырып ғалым И. Кастанье бұрын қазақтардың мұны Қағба санап сыйынғанын, кейін шариғатқа сай еместігін біліп, мұнда сыйынуды тоқтатқанын жазады. Қорасан ата басына келгендер ең алдымен оның баласы Құсайын Ғазиға зиярат жасайды екен. Себебі Қорасан атаның өзі солай бұйырған-мыс [11]. Ел аузында жүрген аңыздардың мазмұны осылай болып келеді. Бүгінгі таңда тарихи ескерткіш жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енген.

Сонымен біз Түркістан өлкесіне тән бірқатар тарихи-мәдени ескерткіштерге тоқталып өттік. Ондағы жәдігерлер бірде қала орны, бірде қамал, енді бірде биік мұнара, күмбез, мазар, обалар болып отырады. Осы сипаттарына сай олардың археологиялық көріністері де әрқилы. Көптеген зерттеушілердің еңбектерімен таныса отырып,

ескерткіштердің негізінен күйдірілген қыштан соғылғанын байқау қиын емес. Бұған аталған жәдігерлердің салынған кезеңі мен қираған дәуірін қосар болсақ, олардың өзара айырмашылықтары айқындала түспек. Жоғарыда сөз болған көне жәдігерлер Түркістан өлкесіндегі тарихи-мәдени ескерткіштердің бір шоғыры ғана. Мұнан өзге қойнауы тарихқа толы көптеген ескерткіштерімізді зерттеп, жүйелеп өскелең ұрпаққа жеткізу ісі келер күннің еншісінде.

Әдебиеттер

1. Лыкошин Н.С. Очерк археологических изысканий в Туркестанском крае до учреждения Туркестанского кружка любителей археологии // Среднеазиатский вестник, 1896. - № 7, 9;
2. Қазақ ССР. Қысқаша энциклопедия. - Алматы, 1984 ж. - 418 бет.
3. Акишев К., Байпаков К. Вопросы археологии Казахстана. - Алматы, 1979. - 124 б.
4. Кастанье И.А. Древности киргизской степи и Оренбургского края. - Оренбург, 1910. - 186-187 б.
5. Флоринский В.М. Первобытны славяне по памятникам их доисторической жизни. - Москва, 2012. - Т. I, - С.257
6. б) Худуд Ал-Алем. Рукопись Туманского. С введением и указателем В. Бартольда. - Л. Изд-во АН СССР. - 1930г. - С21
7. Государственная академия истории материальной культуры (ГАИМК) 1929, 123 бет.
8. ПТКЛА, 1899-1900, 7-бет.
9. Байпаков К. М. По следам древних городов Казахстана. - Алматы, 1990. - 107 б.
10. Кастанье И.А. Древности киргизской степи и Оренбургского края. - Оренбург, 1910. - С.209
11. Қоңыратбаев Ә. Оқшы ата туралы бірер сөз. Өскен өңір. - Қызылорда, 1979 ж.

UDC 32.019.5

Ethics in Politics: Using Weapon Mass Destruction (WMD) card to invade Iraq

Galib Abbaszade
Georgetown University
Washington, DC, USA

Мақала авторы саясаттағы әбеп тақырыбын, нақтырақ айтқанда Иракқа қарсы бұқаралық жою қаруын пайдалану сұрақтарына сәйкес «саяси карта» пайдалану мәселелерін қарастырады.

В статье автор рассматриваются вопросы этики в политике, в частности использование «политической карты» оружия массового уничтожения для вторжения в Ирак.

Кілт сөздер: *әдеп, АҚШ тарихы, өтірік, құрбандық, ұлттық қызығушылық.*

Ключевые слова: *этика, политика, история США, ложь, жертва, национальный интерес.*

Topics for discussion: a) Can high ranked politicians lie to protect national interests? b) What moral aspects can justify such their behavior to launch a war? Should their constituents excuse or support them in such practice?

Background

Legacy

- On May 13, 1846, the US Congress overwhelmingly voted to support President James Polk's proposal to launch a war against Mexico. Some scholars believe that he provoked

Mexican troops in Texas to attack US soldiers and use this argument to convince policymakers to start war operation;

- Using the similar approach, in 1898, President William McKinley claimed that US warship was attacked by Spanish vessel to launch American-Spanish War. In reality some explosions happened on the board of the US ship because of other reasons, not related with enemy military attack;
- This legacy was continued during WWII. Some conspiracy theories arguing that President Franklin D. Roosevelt was purposefully careless about some investigation reports regarding expecting attack of Japanese troops on Pearl Harbor. He was trying to find some certain reason, "the back door to war", to convince the Congress to launch the second front to fight with Nazis Germany.
- In few decades after WWII, President Lyndon B. Johnson lied to start a war against Vietnam. For that, he used false report stated about attack against a US destroyer in the Gulf of Tonkin. Based on the range sources, as the result of the war in Vietnam there were died from 1,3 millionⁱ to 3,9 million peopleⁱⁱ.

And, apotheosis of this experience was the US invention to Iraq. President George W. Bush in tandem with his Vice President, Dick Cheney, could persuaded the Congress that Iraqi leader Saddam Hussein was controlling Weapon of Mass Destruction (WMD), including a nuclear weapon, and has strong connections with al-Qaeda terrorists responsible for the 9/11 attacks on the World Trade Center and the Pentagon. As the latest investigation revealed, both claims were artificially invented and lied. But nor anyone from top political elites, neither President himself was punished being responsible for thousands killed people.

Are incompetence of politicians and / or lack of their capability to accomplish political promises or strategies considered as lying? If we use this criterion to judge policymakers in regard of dishonesty, then the list of high ranked politicians and presidents will be very long. Therefore, this brief research is mainly focused on discussing of the rootless assumption of President George W. Bush regarding existence of WMD in Iraq and as a Commander in chief employing this argument to arrange military invasion to this country in March 20, 2003.

Policy Analysis and Alternatives

Motivating the growing global terrorist threat, President Bush could manipulate with false perception regarding Iraqi WMD and convinced US political elites and policymakers to launch war operation against Iraq and deploy 130,000 US troops in Middle East region. The stake of this operation was very higher – reassuring US national interests, disarming Iraqi government from WMD, dethroning Saddam Hussein, and bring freedom to Iraqi people from his tyranny. Despite the goals and claimed intentions were sounded rationally and fair, the means and reasons to accomplish those aims were either purposely fabricated or blindly accepted to allocate hundred billions of taxpayers money to such deadly and ineffective operation as it was the US invasion to Iraq. Despite “Mr. Kofi Annan, the UN chief had warned the US and its allies a week before the invasion in March 2003 that military action would violate the UN charter”ⁱⁱⁱ, the war operation became real, discretizing UN reputation as the Assembly of the World communities. Despite thousands protesting meetings with participation of millions people globally, including the US, the war in Iraq got started without required precise investigation of the reasons for invasion.

Apparently, no WMD was found in Iraq, but as the result of the war, 1,3 million Iraqi people were killed by coalition forces and 4,5 million Iraqis were displaced^{iv}.

Horrific lessons of history and growing tension in the globalizing World should be strong motivation for all global family members, whether they are individuals or communities, to find answers for further possible questions. How to define whether personal incentives or national interests lead politicians to make historical and grandiose decisions with cost of millions' lives; make politicians to promise and assure their voters and taxpayers for designing speculative goals and means to achieve them? At what extend highly ranked politicians have moral rights to manipulate with facts and lives of others to achieve political goals, whether they are accurately

or falsely defined? Usually, it becomes clear with time passed when it is already impossible to correct catastrophic mistakes and return past away sacrificed people. Such issues are even more complicated and nontransparent to judge because of the top secrecy of materials and data to consider. On one hand, it is a rational approach to keep strategic data far from common access, but on the other hand, it gives a chance for politicians to overuse their duties and provide public with that part of information (or change it completely) which works relevantly for their political or personal goals. Is hiding some part of information in political life considered to be lying as well? Well, probably yes... and the main aspect to discover it may be realizing what rational reason(s) stands behind of such politician's behavior, whether it is own interests or national ones. To justify ways of how some political courses elaborated, one can argue, that there is no ideally right decisions in policy making process, therefore, politicians need to choose between "bad decision" and even "worse one". Going through this complicated process of trade-offs, politicians need sometimes to disregard ethical / general humanistic principles for the sake of more tangible national interests of electors, like promised security issues, stability and economic sustainability in the society, etc. Because of continuously changing realities, the "status quo" tactic is hardly seen as a rational choice to pursue, and politicians commonly prefer to react properly proposing relevant courses to mitigate risks both for national interests they are responsible and for their own political reputation. In such situations, both utilitarian and libertarian approaches support an idea to avoid even worse consequences in the future and take the certain political course to lessen further tangible loss of electors or taxpayers, even for the cost of more hypothetical moral aspects. However, such aspects should not be forgotten completely. From utilitarian perspective, acting and responsible politicians likely has "dirty hands". It is impossible to be actively involved to the politics and be innocent, staying on the "absolutism" platform. Within utilitarian system of values, such politicians barely "can do the right things". "Dirty hands" paradigm is more focused to eliminate "absolutism" rather to ignore moral principles. The core factor within this complex system of values may be a politician's attitude to her / his disputable activity – whether in her/his motions s/he tries to pursue her/his personal ambitions or interests of those who elected him / her to this position.

Recommendations

For politicians, launching wars are likely the most crucial decision to make. It may cost lives of thousands or millions, including his/her citizens, which is still considered to be the highest level of the ethical values in the contemporary system. All negative and positive aspects of such decisions should be elaborated and balanced. The prominent investigation for reasoning such decision should be made prior submitting the proposal of war to policymaker's attention and public discussions. Only national interests should be on the stake to consider a war as an unavoidable event, and any reason to launch a war for personal ambitions should be considered as crime and violation of humanity. In globalizing World every powerful country, including the US, should listen and consider public opinion of other nations before launching such international events and act based on international law. Investigation and enforcement mechanisms should be applied against every politician who overused his/her power, regardless the country s/he represents. If politicians will consider all this plausible recommendations in complex, then positive matching between their intentions and deeds may be realistic and efficient strategy for policymaking process would be achieved.

List of references

1. Levy G., "America in Vietnam", p. 450 – 453.
2. <http://www.hawaii.edu/powerkills/SOD.TAB6.1A.GIF>
3. <https://www.theguardian.com/world/2004/sep/16/iraq.iraq>
4. <http://web.mit.edu/humancostiraq>

УДК 32.019.5

ОБ ИССЛЕДОВАНИИ НЕКОТОРЫХ СОЦИО-ПОЛИТИЧЕСКИХ ПРОБЛЕМ В АЗЕРБАЙДЖАНЕ В НАЧАЛЕ XX ВЕКА

Э.Л. Гасанов

*Гянджинское отделение Национальной Академии Наук Азербайджана
г. Гянджа, Азербайджан*

Мақала авторы Әзірбайжандағы ХХ ғасырдың бірінші жартысында орын алған тарихи процестерді және соған байланысты мұрағаттық материалдар негізінде саяси-әлеуметтік тұстарын зерттеу нысанасына алған.

In this scientific article some questions of study of historical processes of the first half of XX of century were investigational in Azerbaijan, and also them social-political value on the basis of the archived materials.

Кілт сөздер: *Кавказ, Әзербайжан, ымыраласу, хат алысу, ХХ ғасыр.*

Key words: *Caucasus, Azerbaijan, reconciliation, correspondence, XX century.*

В начале века в Азербайджане произошли довольно важные социо-политические процессы. Так, например в 7 сентября 1905 г. И.И. Воронцов-Дашков прибыл в Баку. В прессе сохранилось подробное описание приезда и встреч в городе (2, с. 2-3). Приветствуя его на Сабунчинском вокзале, и.о. городского главы Кямиль бек Сафаралиев выразил сожаление, что ввиду произошедших событий город не может встретить графа, как подобает встретить императорского наместника на Кавказе. От лица армян епархиальный начальник Шемахинской армяно-григорианской епархии Анания выразил надежду, что приезд наместника положит конец кровопролитию. На это И.И.Воронцов-Дашков выразил пожелание, чтобы армяне высказывали больше желание мира и спокойствия. Епископ возразил, что армяне ждут справедливого и беспристрастного суда, который докажет, что армяне более всего желают мира. Эта небольшая дискуссия, произошедшая на вокзале, раскрывает интересную деталь. И.И. Воронцов-Дашков недвусмысленно намекнул на то, что армяне не желают мира, фактически вменяя им в вину главную ответственность за продолжение эскалации насилия в Баку и других регионах Кавказа. Столь резкая со стороны наместника критика армян прозвучала и несколькими днями раньше прибытия в Баку. 7 сентября газета «Баку» поместила заметку о том, что Наместник просил католика всех армян Мкртыча принять меры к успокоению своих соплеменников, добавив, что азербайджанцы желают мириться, а армяне от мира отказываются. В ответ тот же епископ Анания возражал на страницах газеты: «... Не оно [армянское население]... в феврале напало на татар, не оно напало на них и теперь. Не оно сожгло армянские промыслы на десятки миллионов рублей и не оно оставило без крова и имущества десятки тысяч рабочих... Армянское население вовсе не является одной из воюющих сторон, а представляет собой сторону, обороняющуюся от насилий, грабежей, поджогов и убийств и притом еще лишенную достаточных средств самообороны» (1, с. 3). Оставляя в стороне всю абсурдность изложенных в ответе Анания доводов, ибо реальные исторические факты убедительно доказывают, что и в феврале, и в августе 1905 г. резню спровоцировали и начали армяне, отмечу, что апеллирование наместника к представителям церкви было обусловлено его трезвой оценкой ситуации. Ибо, действительно, конфликт в Баку был следствием провокационной и террористической деятельности дашнаков, активно поддерживаемых иерархами армяно-григорианской церкви. К сожалению, впоследствии позиция И.И.Воронцова-Дашкова в отношении армянского националистического движения и, в частности, церкви претерпела значительные изменения и уже не отличалась такой объективностью и

принципиальностью. Программа визита И.И.Воронцова-Дашкова в Баку была насыщенной. С 7 по 9 сентября он посещал нефтепромыслы в Балаханы, Раманы, Сабунчу, Забрат, проводил совещание с участием губернских и городских властей, высших чинов кавказской администрации. Наместник встречался с представителями Совета Съезда бакинских нефтепромышленников, Бакинского Биржевого Комитета, с персидским посланником при русском дворе. В конце своего пребывания в Баку наместник 9 сентября принял губернского казю Ахунда Агу Ализаде и епископа Анания. На этой встрече представители двух противоборствующих сторон обвинили друг друга в разжигании розни. Взяв на себя миссию примирителя, И.И.Воронцов-Дашков предложил сторонам собраться на следующий день на квартире временного генерал-губернатора Бакинской губернии С.А.Фадеева и прийти к окончательному мирному соглашению. Расставаясь с казием и епископом, наместник заявил им, что остался еще на один день в Баку, чтобы увидеть примирение «и уехать со спокойным сердцем». Но если примирение не произойдет, то будут приняты самые строгие меры против беспокойных элементов, отчего могут пострадать и благонадежные лица (2, с. 3).

Согласно пожеланию Наместника, 10 сентября, как и было условлено, в квартире С.А.Фадеева состоялось совещание представителей армян и азербайджанцев по поводу примирения. На этом совещании представители армянской общины Баку выдвинули предложения по примирению с азербайджанцами. Суть их сводилась к следующему. За каждый случай убийства, поранения, поджога, ограбления или погрома имущества, если только они совершены на почве национальной распри, стороны несут материальную ответственность: армяне отвечают перед потерпевшими азербайджанцами полным вознаграждением имущественных потерь, обеспечением семейств убитых, вознаграждением раненых и обеспечением увечных и, наоборот, такие же обязательства несут азербайджанцы перед армянами. Взаимная между сторонами ответственность устанавливалась на срок по первое января 1907 года и на сумму до 1 миллиона рублей для каждой из сторон в отдельности. Согласно предложению армянской общины, каждая из сторон в лице не менее 10 человек имущих членов своих должна была дать письменное обязательство в исполнении условий соглашения. Для разработки всех деталей соглашения до его заключения и решения всех вопросов, могущих возникнуть на его почве при применении его на практике предусматривалось создание третейского суда из пяти членов неармян, представленных армянским обществом, пяти членов азербайджанцев, представленных азербайджанским обществом и председателя, избранного указанными десятью членами по взаимному между ними соглашению. В занятиях третейского суда принимали бы участие в качестве ассистентов и без права решающего голоса два армянина – представители армянского общества и два азербайджанца – представители мусульманского общества (8, лл. 64-64 об.).

Представители азербайджанской общественности, высоко оценив готовность армян прийти к соглашению с мусульманами для восстановления прочного мира, выдвинули ряд предложений в связи с проектом армян от 10 сентября. В частности, в подписанном такими видными деятелями, как Исмаил бек Сафаралиев, Ибрагим Гаджиев, Алимардан бек Топчибашев, Асадулла Ахмедов, Ахмед бек Агаев, Иса бек Гаджинский, Гаджи Аслан Ашуров, Гаджи баба Ашуров, Мамед Гасан Гаджинский, Гасан ага Гасанов, Мирза Асадуллаев, Агабала Гулиев, заявлении предлагалось заменить письменную форму сношений устным обменом мнениями. По мнению азербайджанских представителей, помимо устранения затруднений, вроде потери времени и пр., связанных с писанием, отсылкой и пр., ответов и заявлений в письменной форме, устный обмен мнениями способствовал бы не только скорейшему окончанию предварительных переговоров, но устранил бы между представителями сторон все недоговоренности, а также упущенные детали, кои все нельзя, конечно, изложить в письме. Азербайджанские представители выразили свое отношение к некоторым пунктам предложений армян. Во-первых, они заявили, что уполномочены для установления мира лишь мусульманским обществом

города Баку, а поэтому имеют право говорить и действовать только от его имени, не касаясь промышленного и заводского района, тогда как в предложениях армянской общины от 10 сентября говорилось, что условия соглашения распространяются на город и его окрестности. Позиция азербайджанцев имела под собой основания, ибо город и промышленно-заводской район всегда составляли некие обособленные черты, имея, в частности, два самостоятельных полицмейстерства. При этом в предложении азербайджанской стороны не отвергалась идея ответственности за установление мира за чертой города, просто армянским представителям предлагалось войти в особое соглашение или пригласить присоединиться к настоящему соглашению избранных представителей нефтепромышленников и заводчиков промышленных районов. Азербайджанская сторона предлагала дополнить соглашение новым пунктом, в котором вводилась ответственность за убийство, поранение или насилие над почетными и уважаемыми членами армянского или мусульманского общества.

Наконец, одобрение не вызвало наличие в соглашении пункта о том, срок взаимной ответственности между азербайджанцами и армянами устанавливался по 1 января 1907 года и на сумму на это время до одного миллиона рублей для каждой из сторон в отдельности. Азербайджанские представители посчитали это предложение не отвечающим цели самого соглашения, которое желательно и должно быть установлено навсегда. В заключение делался вывод, что предлагаемая азербайджанцами ответственность, по которой представители обоих обществ навсегда обязываются способствовать преданию в руки правосудия виновников преступлений на национальной почве, принесёт больше пользы делу прочного мира, чем имущественная ответственность, которая должна быть установлена только на один год и четыре месяца, как бы в виде испытания, что в состоянии вызвать в населении лишь превратные толкования и недоверие к заключённому соглашению (8, лл. 67-68 об.).

Основываясь на вышеизложенных положениях, представители мусульман гор. Баку, предложили следующие меры:

«1. Усматривая одну из главных причин происходящих в городе беспорядков в безнаказанном существовании среди армян, мусульман и др. национальностей порочных элементов, производящих убийства, грабежи, поджоги и т. п. преступные деяния, нижеподписавшиеся представители мусульман и армян взаимно обязуются всеми законными мерами способствовать преданию в руки правосудия виновных в преступлении, если установится, что преступление совершено на почве национальной вражды между мусульманами и армянами. В случаях невозможности отыскания виновников, представители армян и мусульман соответствуют имуществом перед потерпевшим, в размере, который установит третейский суд.

Примечание: Принадлежность преступника к той или иной нелегальной организации не освобождает представителей сторон от вышеназванной ответственности.

2. Определение характера отдельных случаев преступления, установление размера имущественной ответственности и разрешение т.п. вопросов, представители сторон предоставляют особому третейскому суду, состав и организации которого устанавливаются по взаимному соглашению.

3. Представители армян и мусульман после принципиального установления основных положений мира обязуются представить из своей среды таких имущих лиц, подписи которых могли бы обеспечить имущественную гарантию» (8, л. 70).

В ответном письме представителям азербайджанского населения уполномоченный от армянской общины Баку, присяжный поверенный Б.Долуханов заявил, что армянская сторона настаивает на взаимной имущественной ответственности, необходимой не только для тех случаев, когда виновники преступления не будут разысканы, но и в тех случаях, когда они будут разысканы и переданы законному суду. Стороны, по убеждению Б.Долуханова, должны явиться имущественно ответственными друг перед другом, совершенно независимо от того, разысканы или не разысканы виновники. Внесение в

соглашение обязательства «способствовать всеми законными мерами преданию в руки правосудия виновных в преступлениях» армяне считали излишним, мотивируя тем, что это – долг каждого гражданина и предметом специального соглашения служить не может (8, л. 69-69 об.).

Пока шла данная переписка, состоялось примирение, и 14 сентября 1905 г. по городу прошла процессия во главе с генерал-губернатором, городским главой, азербайджанским и армянским духовенством. В телеграмме С.А.Фадеев сообщал наместнику И.И.Воронцову-Дашкову об установлении спокойствия в городе: «Доношу, что в течение дня и по настоящее время в городе и на промыслах никаких происшествий не случилось. Процессия умиротворения сейчас окончила обход города, я присутствовал. Народ ликовал, во всём городе было праздничное и радостное настроение. Массы народа встречали и сопровождали процессию. Надеюсь, что спокойствие восстановится на продолжительное время» (9, л. 563). В этом отношении итоги визита И.И.Воронцова-Дашкова в Баку можно рассматривать как положительными. Но в плане установления прочного мира между армянами и азербайджанцами стороны не смогли прийти к единому мнению. Переговоры, длившиеся до конца сентября, не привели к конкретным результатам. Серьезные разногласия вызывали почти все пункты проектируемого соглашения. Дальнейший анализ переписки ясно указывает на то, какая из сторон реально хотела достижения мира, а какая его саботировала.

15 сентября 1905 г. Б.Долуханов и Ов. Качазнуни направили письмо уполномоченным представителям азербайджанцев А.Топчибашеву и А.Агаеву, в котором изложили окончательную позицию армянской стороны: «В основание будущего нашего соглашения мы считали и продолжаем считать безусловно необходимым положить пункты:

1. Взаимная гарантия не должна быть ограничена чертой гор. Баку, а должна быть распространена и на Чёрный и Белый городки, Биби-Эйбат и Балахано-Сабунчино-Раманинскую промысловую площадь.
2. Условия гарантии не должны быть ограничены только теми случаями, когда виновники преступлений останутся не обнаруженными, не должны быть распространены и на те случаи, когда виновники будут разысканы и переданы суду; равным образом, денежная ответственность не должна ограничиваться только теми случаями, когда потерпевший имеет нужду во вспомоществовании, но должна быть распространена безразлично и на те случаи, когда потерпевший является лицом имущим и не нуждающимся в вспомоществовании, так как возмещение убытков должно иметь характер не только благотворения, но и штрафа.
3. Специальное, предусмотренное соглашением, обязательство разыскивать виновников преступлений и предавать их в руки властей, принять на себя мы не можем, так как не имеем в своём распоряжении соответствующих органов, а для самих нас задача эта, вообще говоря, является совершенно неразрешимой.

Столь ультимативный тон письма вызвал возражения азербайджанской стороны. В ответном письме И.Гаджинского и А.Ахмедова к Б.Долуханову и Ов. Качазнуни от 18 сентября 1905 г. отвергались обвинения в том, что азербайджанская сторона задерживает окончательное решение вопроса о редакции мирного соглашения. И.Гаджинский и А.Ахмедов вновь повторили позицию азербайджанской стороны о том, что вопрос о включении в проект мирного соглашения заводско-промыслового района может быть решён не иначе, как в присутствии заводских промышленников и сельчан. Они отметили, что 16 сентября просили генерал-губернатора взять на себя труд организации выборов представителей от заводско-промысловых фирм и сельчан и устройства совместно с ними и с представителями армян и мусульман общего собрания для окончательного решения вопроса о гарантии заводско-промыслового района. Тогда же решено по выяснению результата совместного с ними обсуждения приступить к окончательной редакции проекта соглашения.

Не дожидаясь решения вопроса об участии представителей промыслово-заводского района, 18 сентября Б.Долуханов и Ов. Качазнуни заявили письменно И.Гаджинскому и

А. Ахмедову, что выставленные азербайджанской стороной условия идут вразрез с первоначально выработанными основаниями соглашения, а самую идею взаимной гарантии и имущественной друг перед другом ответственности фактически сводят к нулю. В связи с этим они признали ведение дальнейших переговоров бесцельным и сложили с себя полномочия (8, л. 71).

Буквально сразу после этого проармянская пресса подняла кампанию, в которой азербайджанцев обвинили в перечеркивании условий соглашения 10 сентября, а армяне выдавались как истинные поборники мира.

В начале мая 1906 г. армянская община Баку собралась на совещание для избрания членов примирительной комиссии при бакинском генерал-губернаторе. На совещании большинство высказалось против выборов и, следовательно, против образования комиссии. Мотивы были следующими: 1) армяно-азербайджанский конфликт – результат больного социального организма, который надо радикально вылечить и тогда без всяких примирительных комиссий столкновения эти станут невозможными; 2) армяно-азербайджанские столкновения невозможны там, где власти сами не желают этого; 3) предлагать учреждение примирительной комиссии в то время, когда правительственные войска и полиция занимаются возбуждением страстей, производя в Шуше бесчинства (так армяне характеризовали действия армии и полиции по борьбе с армянским террором), - это значит зло насмехаться над населением (!) (5, с. 2). Эта новость об отказе армян участвовать в примирительной комиссии вызвала возмущение у азербайджанской стороны. Гласный Бакинской думы Карабек Карабеков обратился с открытым письмом к Константину Хатисову – одному из лидеров армянской общины города. В письме говорилось: «До сего времени общество самостоятельно не сделало абсолютно ничего; теперь ему разрешается избрать специальные комиссии. Пусть хоть оно воспользуется данным ему правом и будет кричать через свою комиссию, что не хотим мы уничтожать друг друга, как дикие звери. Пусть власти действуют или бездействуют по-прежнему, пусть стараются делать нам только одно зло, но мы-то сами можем ведь спасти себя по мере сил... Мир прочный и искренний может и должен быть создан исключительно общественными силами – армянами и мусульманами; а потому я не понимаю, почему армянское общество отказывается от составления даже официально разрешенной комиссии, когда оно не делало и не делает попыток создать что-нибудь по своей собственной инициативе...» (6, с. 4).

Лишь в начале июня 1906 г. армяне решили участвовать в работе примирительной комиссии при бакинском генерал-губернаторе. Интересно, что проармянская газета «Баку» открыто написала о причине изменения позиции: армяне опасались реакции со стороны наместника, генерал-губернатора и мнения мусульман (7, с. 2-3). Как видно, инициатива И.И.Воронцова-Дашкова по созданию примирительных комиссий не всегда осуществлялась гладко именно по вине армянской стороны. Как видно из анализа источников, несмотря на попытки кавказской администрации и лично наместника, а также не взирая на готовность азербайджанской стороны к миру, армяне явились главными виновниками того, что в сентябре 1905 г. не удалось подписать мирное соглашение между сторонами. Тем временем такое соглашение, несомненно, стало бы не только залогом установления стабильности, но и создало прецедент во время очередных проявлений межнациональной розни в других регионах Кавказа.

Литература

1. «Баку», 7 сентября 1905 г., № 115.
2. «Баку», 10 сентября 1905 г., № 117.
3. «Баку», 28 сентября 1905 г., № 130.
4. «Баку», 23 февраля 1906 г., № 41.
5. «Баку», 4 мая 1906 г., № 96.
6. «Баку», 6 мая 1906 г., № 98.

7. «Баку», 8 июня 1906 г., № 121.
8. Государственный исторический архив Азербайджанской Республики (ГИА АР): ф. 484, оп. 1, д. 47.
9. ГИА АР: ф. 484, оп. 1, д. 48.
10. Исмаил-Заде Д.И. Граф И.И.Воронцов-Дашков. Наместник Кавказский. М., 2005.

ӘОЖ 894.2.342

Телжан Шонанұлының өмірі мен мұрасы

С.А. Ескалиев, А.Б. Сегізбаева

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
№21 орта мектеп – гимназия
Ақтөбе қ., Қазақстан*

В данной статье авторы рассматривают жизненные этапы и научно-педагогическую деятельность историка, филолога и педагога Т.Шонанұлы.

In this article authors examined the vital stages and scientifically-pedagogical activity of historian, philologist and teacher Telzhan Shonanuli.

Ключевые слова: *Телжан Шонанұлы, история образования Казахстана, научное наследие.*

Key words: *Telzhan Shonanuli, history of formation of Kazakhstan, scientific heritage.*

Телжан Шонаұлы қазақ халқының біртуар ұлдарының бірі және бірегейі, қазақ халқының мүддесін иманындай көріп, сол үшін өзінің барлық күш – жігерін, ақыл парасатын, білімін, ең аржағы өз өмірін де аямай, осы жолда пида еткен асыл азаматы. Өзінің қамшының сабындай ғана 43 жылдық қысқа ғұмырында тіл білімінің көшбасшыларының бірі, ғалым – ағартушы, әдебиетші, тарихшы, аудармашы, ғылым қайраткері ретінде таныла білген ол, 1894 жылы 17 желтоқсанда қазіргі Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Аманкөл ауылында дүниеге келген. Жастайынан ой - түйсігі мол бала, оқу білім жолына ерте ден қойып, 1908 - 1912 жылдар аралығында Ырғыздағы екі сыныптық орыс- қазақ училищесін үздік оқып бітірген.

Одан соң, 1912 жылы Орынбор қаласындағы Қырғыз - қазақ мұғалімдер институтына қазына есебінен оқуға түсіп, бітіргеннен кейін 6 жыл мектепте жұмыс істеуге міндеттеніп, 1916 жылдан 1920 жылдар арасында Ырғыз өңіріндегі ауыл мектептерінде ұстаздық қызмет атқарады[1]. 1921-1925 жылдары Шонанұлы Семей, Орынбор қалаларында аудармашылық, мұғалімдік қызметтерін атқара жүріп, сондай-ақ, шығармашылық жолындағы ғылыми еңбектерін жазуға құлшына кіріседі. Шонанұлы небәрі 23 жасында, яғни 1917 жылы Орынбор қаласында қазақтың сол кезеңдегі бетке ұстар білімді азаматтары алғаш құрған Алаш Орда үкіметі құрамындағы А. Байтұрсынов басшылық еткен оқулықтар жазатын оқу комиссиясы құрамына сайланады[2]. Сөйтіп жүріпте ол өзінің саяси, ғылыми сауатын жетілдіріп ұштауын тоқтатпаған. 1926 - 29 жылдары Қызылордада қызмет жасаған кезінде қазақ оқу комиссариаты жанындағы халық институтының әдеби - лингвистикалық факультетінде экстерн жүйесімен оқып бітірді, әрі сонда оқытушы болып жұмыс істейді. Сол уақыттан, яғни 1929 жылдан бастап, өмірінің соңғы жылдарына дейін (1937 жыл) ол Қазақ мемлекеттік университетінде, қазақ педагогикалық институтында доцент ретінде студенттерге дәріс оқыған[3].

Т. Шонанұлы өзінің білімін үнемі жетілдірумен қатар сол кездегі жана бой көтеріп келе жатқан жаңа елдігіміздің басқару қызметтеріне белсене араласа, қызмет атқара жүріп, кейін бізге мәлім болған 40-қа жуық ғылыми - танымдық оқыту бағдарламасы, оқулық

кітаптары, сондай - ақ жүзден аса көлемді публицикалық, ғылыми теориялық, ғылыми әдістемелік, проблемалық мақалалар, өмір баяндық очерктер жазып, аудармалар жасаған. Олардың бірқатары оқулықтар «Жаңалық» (1928 ж), «Сауаттан» (1929 ж), «Колхоз ауылы» (1930 ж), А. Байтұрсыновпен бірігіп «Оқу құралы» (1926 ж), «Тіл дамыту» (1930 ж), «Қазақ тілінің оқу құралы» (1933 ж), т.б. және: латын әрпі, татар, ұйғыр, түркі тілдері жайлы зерттеу еңбектері бар[4].

Оның 1923 жылы Орынборда жазып бітірген «Қазақ жер мәселесінің тарихы» атты көлемді еңбегі 1926 жылы Қызылорда қаласында 3 мың таралыммен кітап болып жарыққа шығып, қазақ халқының ежелден жер мәселесіне зор оң көзқараспен, жауапкершілікпен қарағандығын, қайсы бір сырттан келген келісімсіктер мен кірмелердің «қазақ жерді қадірлемеген, көшіп-қонып басы ауған жаққа жүре берген» деген пәлсапаларын жоққа шығарып, шындыққа көздерін жеткізуге батыл талпынған бағалы еңбек. Бұл туынды қайраткердің саяси – тарихи білік дәрежесін көрсететін іргелі зерттеу болып табылады[5]. Қазақтың ежелден айтылып келе жатқан «Жер дауы - жесір дауы», «Жер - анасы, мал – баласы», «Жері байдың елі бай» секілді мазмұнды мақал-мәтелдерінің мағынасын басқаларға ашып көрсетуге тырысты.

«Қазақ жері мәселесінің тарихы» атты шыққан еңбегі ұлттық мүддеде жазылуымен, деректерді терең талдау – сараптауымен, тарихи оқиғаларды шынайы көрсетуімен ерекшеленеді. Белгілі тарихшылар Т.Омарбеков пен Ш.Омарбековтің «Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас» атты монографиясында «Мәселенің бастауында – ақ мынаны айту керек: патша өкіметінің қоныстандыру саясатының себептерін жан – жақты талдаған Телжан Шонаұлы болды. Т.Шонаұлының ұлттық көзбен баға беру методологиясы біздің ойымызша, тарихи шындықты дәл және шынайы көрсетуге мүмкіндік береді» - деп атап көрсетеді [6]. Шонаұлының осы аталған еңбегіндегі «Болашақта қазақ жері қалай орналасу керек» деген тарауы автордың туған халқының тарихын терең біліп, аграрлық - әлеуметтік мәселелерді мемлекеттік жалпы халықтық деңгейде айқын бағдарлап, дер кезінде мәселе етіп көтергенінің бірден - бір дәлелі. «Қазақ еңбекшілерін жерге орналастыру 2 мерзімге бөлінуі керек», - дейді ол [7]. Әуелгісі – көп жылға арналған жалпы жол - яғни, қазақты бірте- бірте қоныстандырып, отырықшы қылу болса, екіншісі - сол мақсатқа жеткенше тұтынатын уақытша жол. Жалпы айтқанда шаруаның түрін кенеттен өзгертуге болмайды, онан шаруаға зияннан басқа пайда жоқ»- деп тұжырымдайды.

Өкінішке орай Т.Шонаұлының осындай құнды пікірлерін сол кездегі Кеңес үкіметінің бірмойын басшылары тыңдамақ түгіл, қаперіне де алмастан өз білгендерімен жасаған, «қазақты күшпен жаппай отырықшыландыру реформалары халықты орасан зор нәубетке - ашаршылыққа ұшыратып, қырғынға душар етті. Ал осы жағдайды ғылыми зерттеп, алдын - ала айтқан авторды кейінірек «аса қауіпті, зиянкес, ұлтшыл, халық жауы» деп репрессияға ұшыратып 1938 жылы көзін жойып жіберді [8,9].

Шонаұлының тарихқа байланысты қалдырған мұрасы бір ғана «Қазақ жер мәселесінің тарихы» еңбегімен шектелмеген. Мәселен, «Англия және басқа мемлекеттердің Кеңестік Ресейді тануы» (1927ж), «Ішкі һәм сыртқы саяси хәлдер» (Қызыл Қазақстан 1924ж), «Отчет общества Киргизского края за 1924 г.», тағы басқа да еңбектері де талданып сарапталған, деректерге негізделген зерттеулер болып табылады. Телжанның тарихи мұралары жаңа зерттеулерге арқау болатын деректемелік негізі мол еңбектер.

Жоғарыда атап өткеніміздей, Телжан Шонаұлының өзінің халқына арнап жасаған қызметтерінің ерекшелігі, оның санқырлылығы болып табылады. Телжан қазақ тілі білімінің, жалпы тіл білімінің орны бөлек маманы, шоқтығы биік, білімі терең, осы саладағы саусақпен санайтын біртуар ғалымның бірі екендігіне, оның Ахмет Байтұрсынов бастаған сол кездегі дарынды ғалымдар тобының қақ ортасынан орын алғандығына ешбір шек келтіруге болмайды[10]. Оның емле, әліпби, терминология жүйесі бойынша жарияланған еңбектері сол кезде одақ көлемінде түркітанушылар тарапынан лайықты бағасын алды.

Қазақ ұлттық ғылым академиясының корреспондент мүшесі, профессор, еліміздің белгілі библиографтарының бірі Ш. Сарыбаев Шонанұлының тіл білімі саласындағы еңбектерін 4 салаға жіктейді:

1. Әліппе оқулықтар - «Жаңалық» (1928 ж) «Сауаттан»(1929ж), «Колхоз ауылы» (1930ж., М.Жолдыбаевпен бірігіп жазған).
2. Бастауыш сыныптарға арналған – «Тіл дамыту» (1930ж), «Қазақ тілі» (граматика мен емле 1934 ж), «Жаңа арна» (1927 ж, М. Жолдыбаевпен бірігіп жазған).
3. Ересектерге арналған қазақ тілі оқулықтары: «шала сауатты ересектер үшін» оқу құралы 1928ж.
4. Орыстарға арналған қазақ тілі оқулықтары – «Орыстар үшін қазақша әліппе» (1931 ж.), «Қазақ тілінің оқу құралы» (1933ж) «Учебник казахского языка для взрослых» (1934ж). Жалпы көрнекті лингвист Телжан ағамыздың қаламынан туған оқулықтардың ұзын саны отыздан асады. Сондай-ақ баспа жүзінде, газет-журналда басылған жүзге тарта ғылыми мақалалары – бұл әзірге анықталғаны ғана. Қорытып айтқанда - А.Байтұрсынов, Қ. Жұбанов сияқты Т. Шонанұлы да қазақтың лингвистика ғылымының негізін салушылардың бірі еді [11].

Алаштың асыл азаматы Т. Шонанұлының тағы бір қыры - оның тәржіме саласында – аудармада қаламы жүйрік, ерекше тұлға болғандығында. Сол кездегі қазақ ұлты зиялылары: Ә. Бөкейханов Толстойды, Чеховты, үндістан жазушыларын, А.Байтұрсынов И. Крылов мысқылдарын қазақ тілінде сөйлетіп, халқына сыйға тартса, Шонанұлы да «Марксше тіл білімінің негіздері», Каменскийдің «Ауылдағы кооперация туралы» кітабын, Крупскаяның «Селодағы саяси ағарту жұмысы» (1925 ж.) атты шығармаларын қазақшалап, кедей шаруаның қажетіне жаратады. Сондай-ақ А. Богдановтың «Курс политэкономии» кітабын, Д. Снегинмен бірігіп «Ұйғыр поэзиясы» кітабын, ұйғыршадан қазақшаға шебер жетік тілде аударып оқырмандарға жолдаған[12]. Телжанның жоғарыда айтылғандай бірнеше Шығыс халықтары тілдерін, орыс тілін жетік білгені өз алдына, сонымен бірге неміс тілінде сөйлей алған еді.

Сөйтіп, өткен ғасырдың соңында Пушкин мен Лермонтовтың еңбектерін аударып қазақ даласына таратқан Абай болса, Ахмет, Әлихан, Телжандар осы Абай мектебінің уызына қанған аудармашы - шәкірттері болды деуге толық негіз бар.

Өкінішке орай, 1937 жылы тоталитарлық басқару жүйесі ұйымдастырған террордың жазықсыз құрбаны болған қазақтың абзал азаматтарының бірқатары, оның ішінде өзіміз жариялап отырған Т.Шонаұлының есімімен, шығармашылық мұрасы да 60 жылға жуық тарихымыздың «ақтаңдақ беттерінің» қатарында тұрды. Тек соңғы 15-20 жыл бедерінде ғана оларды зерттеуге мүмкіндіктер туды.

Т. Шонанұлының мұрасын алғашқылардың бірі болып зерттеген профессор Ә. Тәкенов, зерттеуші Б.Байғалиев болды. Олар 1995 жылы жоғарыда айтып өткендей ғалымның «Қазақ жері мәселесі тарихы» атты аса құнды тарихи еңбегін «Жер тағдыры -ел тағдыры» деген атпен оқырман қауымға ұсынды. Сонымен бірге олар Шонанұлына қатысты ұлттық қауіпсіздік комитетінде сақталған мұрағат құжаттарын ашып сөйлетті. Зерттеушілер Т.Шонанұлының жер мәселесіне байланысты іргелі зерттеуіне мынадай баға берді: «Біздің пікірімізше, жер мәселесін, переселен мәселесін тап Шонанұлындай бастан – аяқ, яғни XVII ғасырдан 1917 жылға дейін тұтас зерттеп, ондай ғылыми тұжырымдар жасаған автор болған жоқ. Кітапта ешқандай саясаттың табы байқалмайды, зерттеуші жерге қатысты мәліметтер негізінде таза ғылыми қорытынды жасайды, оқушысын қызықтырады, сендіреді» деген орынды пікір білдіріп, атап көрсетеді[13]. Аталған құжаттарды жеті жылдан соң орыс ғылымдары: Ф.Д. Ашнин, В.М. Алпатов, Д.М. Насиловта өз еңбектерінде атап өтеді. Оларда Т. Шонаұлының әдебиет, тіл, терминология салаларында және оқулықтар жазу ісінде атқарған жұмыстарын жоғары бағаланған.

Сондай-ақ тіл маманы Қ.С. Құлманов өз зерттеу еңбегінде ғалымды әдебиетші, көсемсөзші ғалым ретінде бағалап, мәдени – ағарту істері турасындағы мұраларын зерттесе, Алаш зиялылары турасында қалам тартып жүрген ғалымдарымыздың бірі Д.

Қамзабекұлы да өз еңбектерінде Т. Шонанұлын «азамат хәм ғалым» ретінде бағалап, оның мақалаларын 5 топқа бөліп көрсетті: 1. Тіл туралы еңбектері, 2. Тарих жөніндегі зерттеулер, 3. Әдебиет хақындағы ғылыми жұмыстары, 4. Жағрапия ғылымына арналған оқулықтары, 5. Жалпы көсем сөздік туындылары деп. Зерттеуші Ұ.Ысмағұлов Телжанның қазақ жері мәселесі бойынша жазған монографиясын осы тақырыптағы басқада ғалымдардың еңбектері ішіндегі «баға жетпес сый» деп бағалаған, оның еңбегінің әлі де болса толықтай бағаланбай жатқандығын атап өтеді.

Тарихшы Т. Омарбеков - «Алдағы уақытта Т. Шонанұлынан қалған тарихи мұраларды тарихнамалық тұрғыда талдау – қазақ тарихшыларының қасиетті міндеті» [14] – деп ғалым мұрасының маңызын, құндылығын көрсетіп, оларды сараптаудың аса қажет екендігін тағы да дәлелдей түседі. Сол себепті де халқымыздың біртуар ұлдарының бірі, ұлт мақтанышы атағына толық лайық тұлға, алаштың арысы жерлесіміз Т. Шонанұлының артында қалдырған мұраларын әлі де болса жан-жақты іздеп тауып, зерттеп, жинақтап халық алдында паш ету осы қазіргі кезеңгі көзі ашық азаматтарымыздың, ғылыми саладағы қызметкерлеріміздің, осы бәріміздің де қасиетті борышымыз, міндетіміз деп есептейміз.

Әдебиеттер

1. Такенов Ә., Байғалиев Б. Телжан Шонанұлы. //«Халық кеңесі» газеті,- 01.09.1994.- №124.
2. Тлешов Е., Қамзабекұлы Д. «Алаш» қозғалысы. - А.:«Сардар».- 2008. – 173 б.
3. История Западного отделения Алаш – Орды. Сборник документов и материалов. Т.1., Уральск, 2012. -85 б.
4. Ақтөбе энциклопедиясы. «Отандастар - Полиграфия» ЖШС баспаханасы. Ақтөбе, 2001. 723 б.
5. Саланчина Н.. Телжан Шонанұлы //Қазақ тарихы, 2006, №6.- 71 б.
6. Омарбеков Т., Омарбеков Ш. «Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас». - А.: Қазақ университеті, 2004. - 217, 269 бб.
7. Шонанұлы Т. Қазақ жер мәселесінің тарихы. - А.: «Ел - шежіресі».- 2007 ж.- 35 б.
8. Еламанов Қ. Шежірелі өңір.- Ақтөбе. - 2002. - 275 б.
9. Құрманбеков Б. Ырғыздың қилы тарихы. - Ақтөбе.- 2010.- 84 б.
10. Қойгелдиев М.. «Алаш қозғалысы». – Алматы, «Санат». - 1995.-88 б.
11. Әбікенова Г. Т. Шонанұлы туралы зерттеулер.- Қазақ тарихы. - 2005. - №5.
12. Қазақстан ұлттық энциклопедия. 9 том. Алматы. 2007. 532 – 533 б.
13. Тәкенов Ә., Байғалиев Б., Телжаннан қалған телегей мұра.// Шонанұлы Т. Жер тағдыры – ел тағдыры. – А.: Санат.- 1995.- 210 б
14. Омарбеков Т., Омарбеков Ш «Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас». - А.: Қазақ университеті. - 2004. -165 б.

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ
ЭКОНОМИКА И ПРАВО
Economics and Law

ЭОЖ 681.3: 631.1

КӘСІПОРЫНДЫ БАСҚАРУ ЖҰМЫСЫН АВТОМАТТАНДЫРУДА
ПРОГРАММАЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ ТУРАЛЫ

А.Т. Байбақтина., Г.Т. Шәтенова

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ақтөбе қаласы, Қазақстан

В статье рассмотрены системы автоматизации предприятия. Основное внимание уделено созданию систем, с помощью которых автоматизируются такие процессы, как управление финансами, закупками и т.д.

The article deals with factory automation systems. The focus is on the development of systems by which automated processes such as financial management, procurement, and etc.

Ключевые слова: *база данных, бизнес-процессы, планирование производства.*

Keywords: *database, business processes, production planning.*

Қазіргі қоғамның ақпараттық-техникалық білімі мен білігі дамыған кезеңде кәсіпорындардың қандай түрі болмасын, оны ұтымды басқару мен ұйымдастыруда ақпараттық технологияларды кеңінен қолдану арқылы жұмыс тиімділігі артатындығы баршамызға белгілі.

Қазіргі заманғы кәсіпорындар күрделі құрылымды болып табылады. Олардың жеке құрамдас бөліктері (еңбек, материалдық, қаржы ресурстары және т.б.) үнемі өзгерісте және бір-бірімен күрделі байланыста болатындығы да мәлім. Оны стандартты программалық өнімдермен басқару мүмкін емес. Сондықтан программалық өнімдерді жобалау терең нақты зерттеуді қажет етеді.

Жалпы, кәсіпорынның ақпараттық жүйесін жобалау негізгі үш саланы қамтиды:

- мәліметтер қорында құрылатын мәліметтер объектітерін жобалау;
- мәліметтерге сұранысты орындауды қамтамасыз ететін программаларды жобалау;
- нақты ортаны немесе технологияны есепке алатын, нақтырақ айтсақ: желі топологиясы, архитектура (файл-сервер немесе клиент-сервер) қолданатын аппараттық жүйелерді баптау, параллельді өңдеу және т.б. [1].

Осы салалардың жұмысын автоматтандыруда әртүрлі шетелдік өнімдер қолданылады.

Негізгі танымал жүйелерді атап өтсек:

- SAP AG компаниясының R/3 программалық жүйесі;
- Oracle компаниясының Oracle Applications өнімі;
- Ross Systems компаниясының Renaissance CS жүйесі;
- IT компаниясының БОСС-КОРПОРАЦИЯ программалық жүйесі;

Аталып өткен өнімдер кәсіпорынды басқарудың барлық аспектілерін қамтиды және MRPII/ERP класының жүйелеріне жатады. SAP AG, ORACLE секілді компаниялар әлемдік нарықтағы жетекші компаниялар қатарына кіретіні белгілі.

Берілген жүйелер қосымшаларының жиынтығы клиент-сервер типті көптеген программалық модульдерден тұрады. Олар кәсіпорын қаржысын, материалды ағындарды, өндірісті, жобаларды, қызметкерлер мен маркетингті басқарады. Сонымен қатар, олардың

функционалды мүмкіндіктері мемлекеттік және коммерциялық кәсіпорындардың барлық бизнес-үдерістерін қамтиды, олар:

- басқару және бухгалтерлік есеп;
 - қаржылық менеджмент;
 - қызметкерлерді басқару;
 - логистика;
 - маркетинг және сатылымдар;
 - өндірісті басқару;
- ақпараттық қорғалған құжат айналымы.

Олар бір-бірінен баптау жеңілдігі, бейімделушілік, ақпараттық қауіпсіздігі мен сенімділігі бойынша ерекшеленеді.

Бұл өнімдердің қатарына барлығымызға таныс «1С:Кәсіпорын» программалық жүйесін де қосуымызға болады. Себебі, «1С:Кәсіпорын» - кәсіпорынның экономикалық және басқару жұмыстарын автоматтандыратын әмбебап жүйе және де кәсіпорындар жұмысының сан алуандығына байланысты «1С:Кәсіпорын» жүйесі жұмыстың нақты бір саласына бейімделе алады [2].

Жалпы, «1С:Кәсіпорын» жүйесі 4 құрамнан тұратын жиынтығын ұсынады:

- технологиялық платформа;
- технологиялық платформа негізінде құрылған әртүрлі ауқымдағы және әртүрлі бағыттағы қолданбалы шешімдер;
- қолданбалы шешімдер құрудың әдістемесі;
- қолданушылар мен құрушылардың ақпараттық-технологиялық сүйемелдеуі.

«1С:Кәсіпорын» - бұл тек тұрақты файлдар жиынтығы ретінде қарастырылатын программа ғана емес, сонымен қатар, құрастырушылар мен қолданушылар қолдана алатын әртүрлі программалық саймандардың жиынтығы [3].

Аталған жүйенің кең мүмкіндіктерін қолдана отырып қазіргі таңда «Құрылыс бұйымдары кәсіпорыны» программалық өнімін жобалаудамыз. Ол кәсіпорынды басқарудың барлық жағынан автоматтандыруға арналған. Ал программаны құру ортасы ретінде «1С:Кәсіпорын» өнімін таңдадық, себебі:

Біріншіден, «1С:Кәсіпорын» Қазақстанда сонымен қатар, ТМД елдері арасында кәсіпорынның жұмысын автоматтандыру құралы ретінде толығымен ендірілген жүйе.

Қазіргі таңда бұл жүйені көптеген кәсіпорындар қолданады.

Екіншіден, «1С:Кәсіпорын» жүйесі Франчайзинг фирмаларына арналған, ол фирмалардың негізгі атқаратын қызметі - программаны ендіру, қамтамасыздандыру, жұмысшыларды оқыту және т.б.

Үшіншіден, «1С:Кәсіпорын» жүйесі ашық кодты жүйе, сол себепті кез-келген кәсіпорын өзіне қажетті функционалды қызметтерін қоса алады.

Жоғарыда ұйғарылған мүмкіндіктерді пайдалана отырып құрылыс бұйымдарын өндіру саласының жұмысын мейлінше қамтитын 9 ішкі жүйеге жіктеуді ұйғардық, олар:

- өндіріс;
- негізгі құралдар;
- қаржы;
- қызметкерлер және жалақы;
- сатылым;
- қойма;
- клиенттермен және жеткізушілермен байланыс;
- сатып алу;
- мониторинг және анализ;

Келтірілген ішкі жүйелерде қарастырылатын функциялар «1С:Кәсіпорын» жүйесінің объекттерін қолдану арқылы жасалуда.

Негізгі мүмкіндіктеріне өндірісті жоспарлау, шығындарды есепке алу, бухгалтерлік және салықтық есеп, жалақыны төлеу, қоймадағы өнімдерді есепке алу, тапсырыс берушілермен байланыс жасау секілді қызметтер жатады.


Программаны жасақтау барысында мәліметтер қорында сақталатын 5 кесте құрылды:

- Номенклатура – кәсіпорын ұсынатын өнімдер тізімі;
- Қызметкерлер – кәсіпорынның барлық бөлімшелеріндегі қызметкерлер;
- Жұмыс ауысымы – қызметкерлердің жұмыс уақыттары;
- Жұмыс орындары – бөлімшелер, цехтер, қоймалар тізімі;
- Шығындар – кәсіпорын жұмысымен алдын ала анықталған шығындар тізімі.

«Құрылыс бұйымдары кәсіпорыны» программасындағы құжат айналымы осы мәліметтермен жүзеге асырылады, яғни, құжаттар, есеп берулер құрылады.

Программаның негізгі қызметтері өндірісті басқару, қызметкерлердің жалақысын есептеу, қаржысын басқару, қоймадағы өнімдерді есепке алу, кәсіпорын жұмысын талдау, мониторинг және т.б.

Программалық өнімнің функционалдық құрылымы 1-суретте көрсетілген.



Сурет 1. «Құрылыс бұйымдары кәсіпорыны» программалық өнімінің функциональдық құрылым

Қазіргі таңда кәсіпорын жұмысын автоматтандыруға арналған программа жетілдірілуде және толықтырылуда.

Жалпы қорыта келе, кәсіпорынды басқару жұмысын автоматтандыруда программалық жүйелердің бізге ұсынатын мүмкіндіктері көп екенін және де кәсіпорынның көптеген экономикалық, бухгалтерлік, өндірістік және т.б. салаларын қамти алатындығына көз жеткіздік.

Әдебиеттер

1. Автоматизация управления предприятием. Баронов В.В. - М.: ИНФРА-М, 2000. – 239 с. (Серия «Секреты менеджмента»)
2. 1С: Предприятие 8.2. Программирование и визуальная разработка на примерах. – СПб.: БХВ-ПетерЗбург, 2011. – 320с.
3. Архитектура и работа с данными «1С: Предприятия 8.2». М.Г. Радченко, Е.Ю. Хрусталева. – М.: ООО «1С-Публишинг», 2011. - 268с.

УДК 631.1

Т 85

АГРАРЛЫҚ ӨНДІРІС ДАМУЫН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

М.А. ТУРГАНБАЕВ, Ж.Ж. ЖҰМАБАЕВА

*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ақтөбе қ., Қазақстан*

В статье рассматриваются вопросы развития аграрного производства.

The article considers the issues of development of agricultural production

Ключевые слова: *аграрное производство, государственные финансы, эффективность, совершенствование, рынок, кризис, государственное регулирование, финансовая поддержка.*

Key words: *agricultural production, public Finance, efficiency, improvement, market, crisis, state regulation, financial support .*

Аграрлық қайта құруларды жүргізу, стратегия мен тактиканы негіздеу кейін оларды тиімді жүзеге асырудың қағидаттары мен механизмдерін жасауға мүмкіндік беретін аграрлық қатынастардың теориялық негіздерін терең әрі жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Аграрлық мәселелер қазіргі экономикалық теорияда маңызды орын алады. Ғылыми талдауды аграрлық қатынастардың, аграрлық саясаттың мәніне деген теориялық көзқарастардың тұтас бір жүйесін қалыптастыруға және осыдан туындайтын ауыл шаруашылығы дамуы жолдарының нақты мәселелеріне бағыттау әр түрлі тұжырымдамаларды салыстырмайынша мүмкін емес. Салыстырмалы талдау олардан он аспектілерді бөліп алып, айқын қажетсіздерін анықтауға мүмкіндік береді. Аграрлық секторда жүргізіліп жатқан қайта құрулар нарыққа бағытталған сектор жасауға, оның жаңа макроэкономикалық жағдайға бейімделуіне бағытталған, яғни өтпелі кезеңнің үрдістерімен негізделген.

Аграрлық сектордағы экономикалық процестерді мемлекеттік реттеу ауыл шаруашылығының және онымен байланысты салалардың дамуын анықтайтын аграрлық қайта құрулардың міндетті құрамдас бөлігі болып табылады. Агроөнеркәсіп кешенін реттеу аграрлық саланы, аграрлық әлеуетті қоғам мүддесіне сай пайдалану кезіндегі оның

ерекшелігін ескере отырып, толыққанды ұдайы өндіру қажеттігінен туындайтынын зерттеулер көрсетті.

Транзиттік экономика жағдайында мемлекеттік реттеудің дағдарысқа қарсы, қаржылық, салықтық және бағалық шаралар арқылы жүргізілетін экономикалық әдістері ерекше маңызды болып табылады. Қазіргі уақытта экономиканың аграрлық секторын қолдауды, мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігінің әлсіреуіне жол бермей отырып, Қазақстанның халықаралық экономикалық қатынастарға белсенді қатысуы үшін ДСҰ тәртіптері рұқсат беретін шаралар пайдасына бағыттау жүзеге асырылуда.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары қаржыларының жетіспеушілігі жағдайында өндірісті дамытудың маңызды көзі республикалық, аймақтық және жергілікті деңгейлердегі мемлекеттік қаржыландыру болып табылады. Ауыл шаруашылық кәсіпорындарын мемлекеттік қаржыландыру жүйесі олардың дамуына мемлекеттік республикалық және аймақтық мақсатты бағдарламаларға қатысу арқылы нысаналы ықпал етудің кешенді шаралар жүйесін құрайды. Бұл ауылда мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға және отандық тауар өндірушілерді қолдауға байланысты әртүрлі бағыттар бойынша қаржы ресурстарын ұтымды жинақтауға мүмкіндік береді.

Мұндай қолдаудың негізгі міндеттері:

- елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- табиғат ресурсы ретінде жерді сақтау және ауылдың әлеуметтік сферасын

дамыту болып табылады.

Қазіргі кез келген елде ұлттық экономиканың дамуы үшін мемлекет өте маңызды рөл атқарады. Бүгінгі күні мемлекетке байланысты емес нарықтық экономиканың нақты болуы мүмкін емес.

90-шы жылдардың басынан жүргізіліп келе жатқан аграрлық реформа мынадай бірқатар мәселелерді шешуге тиіс еді:

- а) экономикалық салада – мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, елдің азық-түлік өнімдері мен ауыл шаруашылық шикізатына деген қажеттерін нарықтық жағдайда қамтамасыз ететін тиімді, тұрақты агроөнеркәсіп өндірісін қалыптастыру;
- б) әлеуметтік салада – ауылды кешенді қайта құру үшін жағдайлар жасау, ауыл мен қала халқының өмір деңгейлеріндегі алшақтықты жою;
- в) экология саласында – экологиялық жағынан таза азық-түлік өндірісін қамтамасыз ету.

Алайда, нарықтық қайта құруларға бағыт ұстай отырып, мемлекет ауыл шаруашылығындағы экономикалық процестерді реттеуге толық көңіл бөлмеді, салдарында 90-шы жылдардың басында басталған реформалар күткен нәтижелерге әкелмеді.

Сондықтан мемлекеттің басты міндеттерінің бірі даму деңгейіне елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету байланысты болатын экономиканың аграрлық секторын жан-жақты қолдау болып табылады.

Қазіргі жүйе агроөнеркәсіп кешенінің тиімді жұмыс жасау талаптарына жауап бермейді.

Ауыл шаруашылығына орасан зор қаржылық және экономикалық қолдау көрсетілетін АҚШ пен Европаның дамыған елдерімен салыстырғанда, Қазақстанда мемлекеттік қолдау анағұрлым төмен, ал ол аграрлық экономиканың өсу қарқындарына, еңбек өнімділігінің деңгейіне ықпал етуде.

Бұл жерде айта кететіні, мемлекеттік қолдау дотациялар мен субсидиялар арқылы бюджеттік қаржыларды шаруашылықтар арасында бөліп қана қоюмен шектеліп қалмай, оларды одан әрі дамуға ынталандыруы қажет. Кез келген мемлекеттік қолдаудың шектеулері болуы тиіс: жоғарғы (бір шаруашылыққа берілетін қаржылардың ең жоғарғы мөлшері) және төменгі (шаруашылық өнімі өндірісінің төменгі мөлшері). Бұл бюджеттік қаржылардың негізсіз жұмсалыуына жол бермей, олардың іріктелініп, нақты бағытталынып берілуін қамтамасыз етеді. Бір ауыл шаруашылық кәсіпорнына келетін бюджеттік қаржылардың жоғарғы мөлшерінің шектелмеуі олардың негізгі бөлігінің ірі, жай-күйі жақсы кәсіпорындарға бұйырылуына әкеледі. Екінші жағынан, мемлекеттік қолдау

мөлшерінің төменгі шектері де болуы қажет. Айталық, егер бөлінген барлық бюджеттік қаржылардың сомасы өнімді өткізуден түскен түсімге қатысты 100 пайыз құраса немесе одан асып түссе, онда мұндай мемлекеттік шаралардың ынталандырушы мағынасы жойылады. Нарықтық белгілер мен ынталандырулар бұзылады, ал бұл бәсекені төмендетіп, экономикаға залалын тигізеді.

Сонымен, мемлекеттік қолдаудың қалыптасқан жүйесі шаруашылықтарды өндірістің тиімділігін арттыруға жеткіліксіз ынталандырады.

Сонымен бірге мемлекеттік қолдау қаржыларын бөлгенде аймақтардың аграрлық құрылымын ескеру қажеттігін де атап өткен жөн. Осы фактор қаншалықты толық ескерілетін болса, аймақтардың дамуы мен оларды қолдауға бөлінетін мемлекеттік қаржылар соншалықты нақты, негізделген әрі тиімді болады.

Біздің ойымызша, экономиканың аграрлық секторындағы жаңғыртулар, ең алдымен, мыналарды қамтуға тиіс:

- ауылдың әлеуметтік дамуын;
- елдің барлық аймақтарында тиімді аграрлық саясатты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін Қазақстанның біртұтас экономикалық кеңістігін құруды;
- өнімнің тиімді сатып өткізілуін қамтамасыз ететін аграрлық нарықтың бірыңғай нарықтық инфрақұрылымын қалыптастыруды;
- аграрлық қайта құрулар стратегиясын жүзеге асыруды мемлекеттік реттеу мен бақылауды күшейтуді;
- агроөнеркәсіп өндірісін ғылыми қамтамасыз етуді;
- отын-энергетикалық кешен тарапынан аграрлық секторға қолайлы жағдай жасау арқылы ауыл шаруашылығы мен экономиканың басқа салалары өнімдері арасындағы баға теңдігін қамтамасыз етуді;
- нарық жағдайында ауыл шаруашылығының тиімді жұмысын қамтамасыз ете алатын менеджер мамандарды даярлауды;
- отандық агроөнеркәсіп кешен өнімінің бәсеке қабілеттілігін қамтамасыз етуді.

Сонымен, аграрлық өндірістің тиімді дамуын жеделдететін елдің аграрлық секторындағы қайта құрулардың мынадай басты өзекті проблемаларын атауға болады:

- дамудың инновациялық жолына көшіру және жаңғырту негізінде агроөнеркәсіп өндірісінің бәсеке қабілеттілігін арттыру;
- экономиканың агроөнеркәсіп секторын дамытуда мемлекет рөлін күшейту;
- ауылдың әлеуметтік дамуы;
- қазақстандық аграрлық экономиканың дүниежүзілік жүйеге белсенді интеграциялануы.

Қазіргі жағдайда дүниежүзілік нарыққа шығарылатын азық-түлік өнімінің бәсеке қабілеттілігін арттыру мәселесі алдыңғы қатарға шығып отыр. Ал бұл мәселені шешу агроөнеркәсіп өндірісін жаңғыртпайынша мүмкін емес. Аграрлық өндірістің бәсеке қабілеттілігін арттыру мемлекеттің аграрлық саясатының басты қағидаларының бірі болып табылады. Агроөнеркәсіп өндірісінің бәсеке қабілеттілігі, ең ақырында, оның ішкі және дүниежүзілік нарықтардағы табысын анықтайды.

Әдебиеттер

1. Сарайкин В. О совершенствовании государственной поддержки сельского хозяйства // Международный сельскохозяйственный журнал.-2013. - №1.
2. Муканова А. Новые перспективы открывает «Агробизнес-2020» // Казахстанская правда.- 2013. - 15 февраля.
3. Кухарский М. Стимулов станет больше // Казахстанская правда.- 2012. - 19 ноября.
4. Бондин И., Цвиркун Е. Активизация обеспечения инвестиционно-инновационных процессов в сельскохозяйственном производстве // Международный сельскохозяйственный журнал.-2013. - №2.

Влияния мирового кризиса на стратегию развития зернового рынка в Евразийском экономическом союзе

Х.Х. Кусаинов, Б.М.Хусаинов

*Актюбинский региональный государственный университет им. Жубанова
город Актюбе, Казахстан*

*Западно-Казахстанский агро-технический университет им. Жангир хана
г. Уральск, Казахстан*

Мақала авторлары Евразиялық экономикалық одақ тұсындағы астық нарығының даму стратегиясындағы әлемдік дағдарыс әсерін жан-жақты зерттеген.

The authors investigated the impact of the global crisis on development strategy the grain market in the Eurasian economic union.

Кілт сөздер: *Евразиялық экономикалық одақ, астық нарығы, әлемдік дағдарыс.*

Key words: *Eurasian economic union, grain market, the global crisis.*

В странах Евразийского экономического союза воздействие мирового кризиса наиболее ощутимо в связи с падением цен на нефть и минеральное сырье, как основных статей экспорта, экономическими санкциями в отношении Российской Федерации, что оказывает существенное влияние на стратегию развития зернового рынка.

На протяжении 2007 – 2014-х годов состояние продовольственной безопасности в мире характеризуется:

1. глобальными угрозами, связанными с изменением климата,
2. опережающими темпами прироста населения над производством сельскохозяйственной продукции,
3. критическими запасами энергоносителей, невиданным ростом цен на нефть до 150 долларов за баррель и дальнейшим падением менее 50 долларов за баррель,
4. относительно ускоренным развитием путем перераспределения земель продовольственного назначения на техническое использование.

По данным Продовольственной и сельскохозяйственной организации ФАО численность населения в мире составляет 7 миллиардов человек, из них, 850 миллионов жителей развивающихся стран голодают или страдают от хронического недоедания.

Ситуация на мировом продовольственном рынке как никогда стала критической, объем потребления зерна на протяжении двух последних лет превышает его производство.

Например, в 2014 году в мире произведено 1,99 млрд. т. зерна, а его потребление составило – 2,05 млрд. т.

В экстренной поставке продуктов из-за рубежа, по оценкам экспертов ООН, нуждаются 36 стран мира, из них: 21 страна – из Африканского континента, десять - расположены в Азии, пять – находятся в Центральной и Южной Америке.

Переходные мировые запасы зерна на начало 2015 года достигли своего исторического минимума.

Как вывод из данной ситуации, мировые цены на зерно в совокупности за три последних года в сравнении с уровнем цен на начало двадцать первого столетия возросли в 1,5 раза.

В Российской Федерации, Республике Беларусь и Республике Казахстан за весь период их развития, как республик в составе бывшего СССР, так и за годы независимости не было такого быстрого и неподвластного государственному влиянию и контролю взлета цен на продовольственные товары, который существует в последнее время.

В результате глобального влияния мирового продовольственного кризиса, в условиях достаточного предложения внутреннего рынка зерна влияние мировых тенденций выявилося сильнее, чем внутренние механизмы государственного регулирования.

Таким образом, взаимозависимость стран в мировой экономике вынуждает международные организации, экономические группировки, и некоторые страны искать коллективные меры по недопущению разрастания продовольственного кризиса, разработка совместной стратегии борьбы с голодом, которая базируется, в основном на продовольственном рынке зерна.

Зерновой сектор экономики, таких стран, как Российская Федерация и Республика Казахстан, которые входят в первую десятку основных стран-экспортеров зерна в мире, является традиционно стратегическим [1].

Это мощная экспортно-ориентированная отрасль сельскохозяйственного производства, способная обеспечить продовольственные потребности не только населения страны, но также, что особенно важно, своими потенциальными объемами производства оказывать определенное влияние на мировую продовольственную безопасность.

Известно обращение Генерального секретаря ООН к государствам мира, целью которого является изучение и конкретный поиск путей выхода из мирового продовольственного кризиса.

Поэтому, существует реальная и колоссальная возможность для Российской Федерации и Республики Казахстан стать одними из влиятельных мировых игроков на глобальном рынке зерна.

Необходимо использовать потенциальную возможность интенсификации развития зернового производства на инновационно - инвестиционной основе, для этого за короткий период формируется необходимость разработки и реализации новой по задачам и по составу государственной комплексной целевой программы.

Проблема продовольственной безопасности в мире не новая, поэтому еще в 1996 году Продовольственная и сельскохозяйственная организация поставила конкретную цель, чтобы к 2015 году уменьшить на половину численность населения, которое голодает [2].

Причины снижения уровня продовольственного обеспечения в мире и в связи с этим, быстрого возрастания цен на продовольствие следующие:

1. изменение климата, которое наиболее часто проявляется в увеличении количества природных катаклизмов - ураганов, засух, наводнений и цунами, циклонов и ветров, извержение вулканов.

Очевидно, что такие изменения в климате приводят к увеличению потребления ограниченных и не возобновляемых ресурсов планеты, и в первую очередь природных источников энергии.

2. невероятное, на протяжении двух последних лет, возрастание цен на нефть и относительно, нефтепродуктов, которые являются важными энергетическими ресурсами для сельскохозяйственного производства, привело к повышению мировых цен на продовольствие.

3. возрастание мирового совокупного спроса на продукты неразрывно связано с увеличением численности населения планеты.

Поэтому, особенно быстрый прирост потребления зерна наблюдается в Китае, Индии и других развивающихся странах, что обуславливается не только потреблением риса или пшеницы, но и тем, что теперь эти страны больше потребляют мясо, производство которого без зерновых невозможно.

4. развитие производства биотоплива через расширение посевов технических культур, а также использования части рынка зерна на производство биоэтанола, в том числе в Российской Федерации, Украине и Республике Казахстан, что привело к

снижению производственной базы зернового хозяйства, и соответственно к увеличению возможности экстенсивного развития зерновой отрасли в долгосрочной перспективе.

